



Президент тапсырмаларын орындау

Указом Президента Республики Казахстан Касым-Жомарта Токаева, опубликованном на сайте Акорды 17 июля, на должность акима области Ұлытау назначен Есет Байкен.

Асель КУРБАЛОСОВА

По поручению Главы государства Премьер-министр Олжас Бектенов и руководитель Администрации Президента Роман Скляр представили нового главу региона в ходе собрания депутатов маслихатов области Ұлытау.

- Депутатам зачитано письмо Главы государства о выдвижении на должность акима области Ұлытау двух кандидатов – заместителя акима города Астаны Есета Байкена и заместителя акима области Ұлытау Нуртаса Карипбаева.

В открытом голосовании приняли участие 64 депутата. За кандидатуру Есета Байкена отдано 87% голосов, – сообщает официальный информационный ресурс Премьер-министра РК.

В выступлении Олжас Бектенов подчеркнул, что вступление в силу новой Конституции ознаменовало для Казахстана важный исторический этап развития. Главой государства на недавнем заседании палат Парламента была поставлена задача по переводу экономики на новую модель, что требует внедрения современных и эффективных подходов и принципов работы на всех уровнях.

Премьер-министр озвучил

У области Ұлытау – новый аким



Есет Байкен родился в Карагандинской области в 1986 году. Окончил Казахский гуманитарно-юридический университет по специальности «Финансы», а также Карагандинский государственный университет им. Е.А. Букетова по специальности «Юриспруденция».

Трудовую деятельность начал в 2008 году в Управлении экономики и бюджетного планирования Астаны, где занимал должности исполняющего обязанности ведущего специалиста, ведущего специалиста и главного специалиста отдела инвестиционной политики и планирования. Позже работал главным специалистом отдела правового обеспечения и закупок.

В 2010-2013 годах был главным специалистом отдела социально-культурной сферы аппарата акима Астаны, затем – главным инспектором акима города.

С 2013 по 2016 год возглавлял организационно-инспекторский отдел аппарата акима Астаны. Также в его послужном списке - должности эксперта Секретариата руководителя Администрации Президента Республики Казахстан, государственного инспектора Отдела государственного контроля и организационно-территориальной работы Администрации Президента Республики Казахстан, акима Нурина района Карагандинской области.

С сентября 2022 года до нынешнего назначения был заместителем акима города Астаны.

ряд поручений, поставленных Президентом перед руководством региона. Для развития обрабатывающей промышленности, малого и среднего бизнеса поставлена задача по реализации крупных инвестиционных проектов. Отмечена важность формирования агропромышленного кластера. Руководству области поручено продолжить работу по модернизации инженерной и энергетической инфраструктуры. Также необходимо ускорить строительство автомобильных дорог, в частности магистрали Караганда – Жезказган. Внимание уделено развитию социальной инфраструктуры через улучшение доступности и качества объектов здравоохранения, образования, культуры и спорта. Также дано поручение по развитию региона как одного из значимых туристических центров страны с учетом богатого историко-культурного наследия Ұлытау.

- В обращении к активу области Премьер-министр подчеркнул, что реализация курса Главы государства по построению Справедливого и Прогрессивного Казахстана должна находить отражение в ощутимых изменениях для населения. Успешное выполнение поставленных задач придаст новый импульс социально-экономическому развитию области и будет способствовать повышению качества жизни граждан, - отмечается в публикации.

Актуально

Чаша терпения каражалцев переполнена. Из-за того, что она, образно говоря, остается сухой. В причинах дефицита воды разбирались народные избранники и общественники. А тут все дороги ведут в огорды.

Асель КУРБАЛОСОВА

В минувшее воскресенье жители Каражала испытали праведный гнев. Причина – качество услуги водоснабжения. В воскресенье, 12 июля, в новостных чатах появилось объявление: «В связи с аномальной жарой и значительным снижением уровня воды в резервуаре КГП «Казводхоз» вводит ограничение подачи воды.

При полном расходе запасов воды будет производиться отключение водоснабжения ориентировочно с 18:00 до 06:00. Просим жителей заранее



сделать необходимый запас воды и отнестись к введенным ограничениям с пониманием.

Ограничение подачи воды распространяется по всем направлениям.

Водоснабжением города занимается РГП «Казводхоз» -

структурное подразделение Министерства водных ресурсов и ирригации РК. Основным предметом деятельности предприятия является эксплуатация, содержание и обеспечение безопасности водохозяйственных объектов республиканского зна-

Сезон канистр и тазиков

чения, подача поливной и питьевой воды.

Но вернемся к нашим баклам и канистрам. Возмущение горожан несколько преломило ситуацию – водоснабжение было отключено с 18.00 до 20.00, а затем по прежнему графику – с полуночи до шести часов утра. Но стало практиковаться прекращение подачи воды во второй половине дня.

События выходного дня стали поводом создания рабочей группы. Возглавил ее заместитель главы Каражал-Жайремского региона Аманказы Науменов. В состав объединения вошли председатель городского маслихата Замзагуль Оспанова, член городского Общественного совета Каирбек Куйкабаев, главный энергетик Представительства «Оркен-Атасу» ТОО «Оркен» Бергентай Искаков.

- Мы совершили объезд по сетям Тузкольского водозабора, начиная с 3-го подъема поселка Жайрем и до резервуаров, расположенных в Каражале, - сообщила Замзагуль Оспанова.

Работник водоснабжающей организации информировал членов рабочей группы о том, что на Каражал подается 140 кубометров воды в час.

- Это достаточно много. Но указанный объем до города не доходит, - отметила председатель городского маслихата.

Чтобы понять, на каком этапе происходят потери воды, предприятию было рекомендовано установить приборы учета – на месте водозабора в Жайреме и на насосной станции повторного подъема в Каражале. Представители «Казводхоза» согласны с такой постановкой вопроса.

→ на 2 стр.

Кент тынысы

Жәйремде жаңа спорт алаңы
ел игілігіне берілді

Металлургтер күні қарсаңында Жәйрем кентінде тұрғындар көптен күткен қуанышты оқиға орын алды. Күрделі жөндеуден өткен шағын футбол алаңы салтанатты түрде пайдалануға беріліп, ел игілігіне жол тартты.

Бұл – кенттің әлеуметтік инфрақұрылымын дамытуға, бұқаралық спортты қолдауға және жас ұрпақтың денсаулығын нығайтуға бағытталған маңызды жобалардың бірі.

Салтанатты шараға Қаражал қаласының әкімі Айқын Елеусізов, Жәйрем кентінің әкімі Қайрат Жансағымов, «Жәйрем кен байыту комбинаты» АҚ Басқарма төрағасы Еркебұлан Қуандықов, «Жәйрем кен байыту комбинаты» АҚ Кәсіподақ ұйымының төрағасы Мүбәрак Кәрібаев, еңбек ардагерлері, спорт саласының өкілдері, жастар және кент тұрғындары қатысты. Жиналған қауым жаңа нысанның ашылуын ерекше ықыласпен қарсы алып, бұл игі істің өңірдегі спорттың дамуына қосылған қомақты үлес екенін атап өтті.

Құттықтау сөз сөйлеген мәртебелі меймандардың айтуынша, бүгінгі таңда бұқаралық спортты дамыту – мемлекет саясатының басым бағыттарының бірі. Сон-

дықтан, тұрғындарға қолайлы әрі заманауи спорт алаңдарын салу мен жаңғырту – дені сау ұлт қалыптастырудың маңызды тетігі. Жаңартылған футбол алаңы балалар мен жасөспірімдердің бос уақытын тиімді өткізуіне, спортқа

деген қызығушылығын арттыруға және болашақ чемпиондардың қалыптасуына кең мүмкіндік береді.

Іс-шара барысында футбол алаңын жаңғырту жұмыстарын уақытылы және сапалы аяқтаған «Верф-строй» ЖШС директоры Владимир Зеленчукке Қаражал қаласы әкімінің Алғыс хаты табысталды. Бұл – адал еңбек пен жауапкершіліктің лайықты бағаланғанының жарқын көрінісі.

Көпшілік тағатсыздана күткен сәтте жаңа спорт нысанының лентасы қиылып, алаңның ресми ашылуы жарияланды. Осылайша тұрғындардың игілігі үшін жаңартылған тағы бір әлеуметтік нысан өз жұмысын бастады.

Мерекелік бағдарлама бұдан әрі спорттық рухтағы шаралармен жалғасты. Қонақтар жаңа алаңның мүмкіндіктерімен танысып, «Жәйрем кен байыту комбинаты» АҚ Кәсіподақ ұйымының кубогы үшін ұйымдастырылған шағын футбол турнирінің тартысты ойындарын тамашалады. Сонымен қатар, символикалық алғашқы доп соғу рәсімі өткізіліп, жас футболшыларға ақ жол мен жарқын жеңістер тіленді. Бұл сәттер мерекенің сәнін келтіріп, қатысушыларға ерекше көңіл-күй сыйлады.

Теректі ШАҒАТАЙ.



(Начало на 1 стр).

Но, как объяснили они, для того, чтобы установить счетчики и произвести переврезку в водовод, придется на четыре дня отключить подачу воды на город. Естественно, на это никто не пойдет – даже один день без живительной влаги создает социальную напряженность. Был предложен вариант: отложить эти мероприятия на октябрь. Однако, как говорится, хрен редьки не слаще.

Таким образом, вопрос бесперебойного водоснабжения так и не нашел решения. Почему? Подробно это объяснила начальник управления эксплуатации «Жайрем-Каражал» (филиал

«Канал имени Каныша Сатпаева» РГП «Казводхоз») Майра Исабаева. Она подчеркнула, что пора острого дефицита питьевой воды в Каражале начинается с середины мая. А именно с началом огородного сезона.

- Осенью, зимой и весной по этому поводу вообще не возникает вопросов. Но как только население приступает к поливу зеленых насаждений, город испытывает нехватку воды. Необходимо подчеркнуть, что вода, подаваемая с Тузкольского месторождения подземных вод,

предназначена исключительно для питьевых нужд. Но никак не для технических, - отметила она.

То, что сейчас население испытывает трудности, связано с тем, что не успевают наполняться резервуары. По информации специалиста, на территории насосной станции 3-го подъема города Каражал установлены два резервуара по три тысячи кубометров каждый. На данный момент по состоянию на 06.00 часов запасы живительной влаги составляют лишь 1 700 кубометров (по 850 кубов в каждой ем-

Облыс жаңалықтары

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында 2026 жылдың бірінші жартыжылдығындағы еліміздің әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары қаралды.

Ұлытау облысы –
үздіктер қатарында

Жиында Ұлытау облысының әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері жоғары бағаланып, өңір бірқатар негізгі бағыт бойынша республикадағы көшбасшылар қатарынан көрінді.

2026 жылдың қаңтар–маусым айларының қорытындысы бойынша облыс экономикасы 17 пайызға өсіп, бұл көрсеткішпен Ұлытау өңірі республика бойынша 2 орынға тұрақтады.

Сондай-ақ, құрылыс жұмыстарының көлемі 3,3 есеге, жеке ин-

вестициялар көлемі 2,2 есеге артып, осы көрсеткіштер бойынша облыс елімізде 1 орынға шықты. Ал тұрғын үйді пайдалануға беру көлемі 14 пайызға өсіп, республика бойынша 3 орынды иеленді.

Қол жеткізілген нәтижелер Ұлытау облысында инвестициялық ахуалдың жақсарып, құрылыс саласының қарқынды дамып келе жатқанын және өңір экономикасының тұрақты өсім жолына түскенін көрсетеді.

Өз тілшімізден.

Білім – өмір шырағы

Не? Қайда? Қашан?

Аптаның басында мәдени-сауық орталығында 9-11 сынып оқушылары арасында дәстүрлі «Не? Қайда? Қашан?» зияткерлік сайысы ұйымдастырылды.

Шараның негізгі мақсаты – оқушылардың білім деңгейін арттыру, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту және шығармашылық белсенділігін қолдау.

Сайыс барысында қатысушылар түрлі бағыттағы сұрақтарға жауап беріп, өздерінің тапқырлығы мен жылдам шешім қабылдау дағдыларын көрсетті. Әр кезең тартысты өтіп, командалар жоғары белсенділік танытып, білімдері мен ұйымшылдықта-рын көрсете білді.

Зияткерлік сайыс оқушылардың ой-өрісін кеңейтіп, білімге деген қызығушылығын арттыруға, сондай-ақ, топпен жұмыс істеу мәдениетін қалыптастыруға бағытталған маңызды шаралардың бірі болды.

Осындай танымдық іс-шаралар жас ұрпақтың жан-жақты дамуына, білімге ұмтылуына және интеллектуалдық қабілеттерін шыңдауға мүмкіндік береді.

Өз тілшімізден.

Сезон канистр и тазиков

верное решение – обеспечить Каражал технической, то есть поливной водой. Чем, собственно, сейчас и занимаются власти. Как известно, в настоящее время реализуется проект по строительству водовода, который свяжет город с водохранилищем Клыч. На сегодняшний день уложено 18 километров труб. Работы ведутся в соответствии с графиком. Поэтому остается только одно – запастись терпением. Тем более, сейчас на календаре вторая половина лета. Следовательно, полив начнет постепенно уменьшаться, и все вернется на круги своя. А уже в следующий огородный сезон наши помидоры и огурцы будут напитаны водой с водохранилища.

Президент Жолдауы – сенімге серпін

Ауыл шаруашылығын дамыту – тұрақты өсімнің негізі

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауы еліміздің жаңа даму кезеңіндегі негізгі міндеттерді айқындап берді. Бұл стратегиялық құжатта экономиканы жаңғырту, цифрлық технологияларды кеңінен енгізу, өндіріс тиімділігін арттыру, кәсіпкерлікті қолдау және агроөнеркәсіп кешенін жаңа сапалық деңгейге көтеру мәселелеріне ерекше мән берілген.

Президент Жолдауында айтылған міндеттердің барлығы – уақыт талабынан туындаған нақты қадамдар. Қазіргі әлемдік экономикалық кеңістіктегі бәсекелестік жағдайында кез келген өңір өзінің табиғи және өндірістік әлеуетін тиімді пайдаланып, жаңа мүмкіндіктерді игеруі қажет. Бұл ретте экономиканың әр саласының үйлесімді дамуы, халықтың табысын арттыру, жаңа жұмыс орындарын ашу және жергілікті кәсіпкерлікті дамыту маңызды бағыттардың бірі болып қала береді.

Қаражал–Жәйрем өңірі – өзінің өндірістік әлеуетімен ерекшеленетін аймақ. Тарихи тұрғыдан алғанда өңір экономикасының негізгі тірегі – тау-кен өнеркәсібі мен өндіріс саласы. Мұнда ірі кәсіпорындар жұмыс істеп, аймақтың экономикалық тұрақтылығын қамтамасыз етіп келеді. Сондықтан, кәсіпкерлік саласының қалыптасуы да негізінен өндірістік бағытпен сабақтасып дамуда.

Дегенмен, өндірісті өңір болуымыз кәсіпкерліктің басқа бағыттарына мүмкіндік жоқ дегенді білдірмейді. Керісінше, қазіргі таңда экономиканы әртараптандыру, шағын және орта бизнестің жаңа салаларын дамыту – басты міндеттердің бірі. Әсіресе, ауыл шаруашылығы, қызмет көрсету, сауда және өңдеу бағыттарында кәсіп бастауға ниетті азаматтардың қатары артып келеді.

Қазақ халқы үшін ауыл шаруашылығы – ата кәсіп қана емес, ұлттық құндылықтардың бірі. Мал шаруашылығы мен жер кәсібі ғасырлар бойы халқымыздың тұрмыс-тіршілігінің негізі болды. Бүгінде заман өзгергенімен, бұл саланың маңызы

кеміген жоқ. Керісінше, азық-түлік қауіпсіздігі мәселесі әлемдік деңгейде өзекті болған уақытта аграрлық сектордың стратегиялық рөлі арта түсуде.

Қаражал–Жәйрем өңірінде де ауыл шаруашылығы өзге салалармен қатар дамып келеді. Өндірістік аймақ болғанымызға қарамастан, ата кәсіпті жалғастырып, мал шаруашылығын дамытуға ниетті азаматтар бар. Олар өздерінің жеке қосалқы шаруашылықтарын кеңейтіп, ауыл шаруашылығы өндірісінің көлемін арттыруға үлес қосуда.

Ауыл шаруашылығын дамыту – тек азық-түлік өндіру емес. Бұл – ауыл тұрғындарының табысын арттыру, жаңа жұмыс орындарын ашу, жергілікті экономиканың тұрақтылығын қамтамасыз ету және өңірдің даму мүмкіндігін кеңейту деген сөз. 2026 жылдың бірінші жартыжылдығының қорытындысы бойынша өңірде ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы көлемі 2,7 млрд теңгені құрап, нақты көлем индексі 101,8 пайызды көрсетті. Бұл көрсеткіш саладағы тұрақты өсімнің бар екенін аңғартады.

Қазіргі таңда өңір аумағында 9773 бас ірі қара мал, 8517 бас қой, 13171 бас жылқы, 93 бас шошқа өсірілуде. Бұл көрсеткіштер Қаражал–Жәйрем аумағында мал шаруашылығының қалыптасқан бағыт екенін және оның алдағы уақытта да даму әлеуеті жоғары екенін көрсетеді.

Президент Жолдауындағы маңызды бағыттардың бірі – жасанды интеллект пен цифрлық технологияларды барлық салаға енгізу. Бұл міндет ауыл шаруашылығына да тікелей қатысты.

Бүгінде әлемдік тәжірибе көр-



сеткендей, дәстүрлі шаруашылық жүргізу тәсілдерін заманауи технологиялармен ұштастыру өндіріс тиімділігін бірнеше есеге арттыруға мүмкіндік береді. Дәлме-дәл егіншілік, цифрлық мониторинг, спутниктік бақылау, автоматтандырылған жүйелер мен смарт-фермалар ауыл шаруашылығының болашағын айқындайтын негізгі құралдарға айналады.

Жасанды интеллект технологиялары шаруаларға ауа райы жағдайын алдын ала болжауға, жайылымдардың жағдайын бақылауға, малдың денсаулығын талдауға және өндірістік процестерді тиімді басқаруға мүмкіндік береді. Мұндай жаңашылдықтар еңбек өнімділігін арттырып қана қоймай, табиғи ресурстарды тиімді пайдалануға жол ашады. Қаражал–Жәйрем өңірі үшін де цифрлық шешімдерді енгізудің маңызы зор. Өйткені, заманауи технологиялар арқылы шалғай орналасқан шаруашылықтардың мүмкіндігін кеңейтіп, өндіріс көлемін арттыруға болады.

Өңір экономикасының дамуына инвестиция тартудың маңызы ерекше. Осы бағытта Ұлытау облысында өткен «Ulytau Invest–2026» Қазақстан–Қытай инвестициялық форумы маңызды қадамдардың бірі болды. Форум барысында жалпы құны 368,6 млн АҚШ долларын құрайтын инвестициялық меморандумдарға қол қойылды. Ауқымды

шараға Қытайдың 20-дан астам ірі компаниясының өкілдері қатысып, өңірдің өндірістік және агроөнеркәсіптік әлеуетімен танысты.

Инвестициялық форум аясында ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу, жаңа технологияларды пайдалану және өндірісті жаңғырту мәселелері талқыланды. Бұл – болашақта өңірде жаңа жобалардың жүзеге асуына, кәсіпкерлік белсенділіктің артуына және экономиканың жаңа бағыттарының қалыптасуына мүмкіндік береді. Инвестиция тек қаржы тарту емес. Ол – жаңа технология, жаңа тәжірибе, жаңа жұмыс орындары және өңірдің ұзақ мерзімді дамуына жасалған қадам.

Бүгінде мемлекет агроөнеркәсіп кешенін дамытуға бағытталған кешенді қолдау шараларын жүзеге асырып келеді. Атап айтқанда, жеңілдетілген несие беру, субсидиялау тетіктерін жетілдіру, ауыл шаруашылығы техникасын жаңарту, өндірісті ынталандыру бағытындағы бағдарламалар кәсіпкерлер үшін үлкен мүмкіндік болып отыр. Бұл қолдау шаралары әсіресе, ауыл шаруашылығына қызығушылық танытқан азаматтарға жаңа серпін береді. Кәсіпкер үшін ең бастысы – бастаманы нақты іске айналдыруға мүмкіндік беретін қолайлы орта қалыптастыру.

Қаражал қаласында да кәсіпкерлікті дамыту, жаңа жобаларды қолдау және тұрғындардың іскерлік

белсенділігін арттыру бағытындағы жұмыстар тұрақты жүргізілуде. Өндірістік кәсіпорындармен қатар шағын және орта бизнес субъектілерінің дамуы өңір экономикасының тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

Президент Жолдауында атап көрсетілгендей, экономикалық өсім тек ірі қалалар мен өндіріс орындарына ғана емес, ауылдық аумақтардың дамуына да байланысты. Себебі, ауыл – елдің азық-түлік қауіпсіздігінің, ұлттық құндылықтардың және еңбек дәстүрінің негізі. Ауылдық елді мекендердегі инфрақұрылымды жақсарту, интернет қолжетімділігін арттыру, білім беру мен медициналық қызмет сапасын көтеру – халықтың өмір сүру деңгейін арттыратын маңызды факторлар. Заманауи әрі қолайлы ауыл жастардың туған жерінде қалып, еңбек етуіне, кәсіп бастауына мүмкіндік береді. Сондықтан, ауылды дамыту – тек әлеуметтік міндет емес, экономикалық тұрғыдан да маңызды стратегиялық бағыт.

Сайып келгенде, Қаражал–Жәйрем өңірінің болашағы – өндіріс пен ауыл шаруашылығының өзара үйлесімді дамуында. Өнеркәсіп экономиканың негізгі тірегі болса, ауыл шаруашылығы өңірдің тұрақтылығын арттыратын маңызды бағыт болып табылады. Президент Жолдауында белгіленген міндеттерді жүзеге асыру арқылы біз жаңа технологияларды енгізіп, кәсіпкерлікті дамытып, ауыл шаруашылығының тиімділігін арттыра аламыз.

Бүгінгі таңда басты міндет – бар мүмкіндіктерді тиімді пайдалану, еңбек өнімділігін арттыру және заманауи талаптарға сай даму жолын таңдау. Өндірісі қуатты, кәсіпкерлігі дамыған, ауыл шаруашылығы өркендеген өңір ғана экономикалық тұрғыдан тұрақты болады. Ал бұл – Қаражал–Жәйрем аймағының алдағы дамуының берік негізі.

**Марат САТАНОВ,
«Қаражал қалалық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» ММ басшысы.**

Дін

Қоғамдық тұрақтылыққа қауіп төндіретін идеологиялар

Қазіргі таңда қоғамның тұрақтылығы мен елдің қауіпсіздігіне әсер ететін факторлардың бірі – түрлі радикалды және деструктивті идеологиялардың таралуы. Жаһандану, цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы және ақпараттық кеңістіктің шекарасыз болуы мұндай идеологиялардың кеңінен насихатталуына мүмкіндік беріп отыр. Сондықтан, әрбір азаматтың сыни ойлау қабілетін қалыптастыру, құқықтық және діни сауаттылығын арттыру – уақыт талабы.

Қоғамдық тұрақтылыққа қауіп төндіретін идеологиялар деп қоғамда алауыздық туғызуды, заңға



бағынбауды, зорлық-зомбылықты, діни немесе этникалық араздықты қоздыруды көздейтін көзқарастар жиынтығын айтуға болады. Мұндай идеологиялар адамдардың санасын өзгертуге, оларды заңсыз әрекеттерге итермелеуге бағытталады. Әсіресе, өмірлік тәжірибесі аз, ақпаратты талдауға дағдыланбаған жастар мұндай ықпалға тезірек

ұшырауы мүмкін.

Бүгінде деструктивті ағымдар өз насихатын көбіне әлеуметтік желілер мен мессенджерлер арқылы жүргізеді. Әсерлі бейнероликтер, қысқа жазбалар, жалған діни түсіндірмелер мен эмоцияға құрылған үндеулер арқылы олар өз аудиториясын кеңейтуге тырысады. Сондықтан, интернеттен алынған

кез келген ақпараттың шынайылығын тексеру, күмәнді діни контенттен сақ болу – әрбір азаматтың жауапкершілігі.

Қазақстан Республикасы – заңды мемлекет. Еліміздің Конституциясы әр азаматтың ар-ождан бостандығына кепілдік береді. Сонымен қатар, заң талаптарына сәйкес экстремизмді, терроризмді және діни өшпенділікті насихаттауға қатаң тыйым салынған. Бұл – қоғамдағы татулық пен тұрақтылықты сақтаудың маңызды кепілі.

Қоғамдық тұрақтылықты нығайтуда отбасының, білім беру ұйымдарының, діни бірлестіктердің, мемлекеттік органдардың және бұқаралық ақпарат құралдарының рөлі ерекше. Жастарға ұлттық құндылықтарды дәріптеу, дәстүрлі мәдениетті насихаттау, құқықтық және діни сауаттылықты арттыру бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жүргізілуі тиіс. Сондай-ақ, халық арасында ақпараттық-түсіндіру іс-шараларын ұйымдастырып, тәжірибелі теолог-

тар мен мамандардың қатысуымен кездесулер өткізу маңызды.

Әр азамат әлеуметтік желілерде таралатын күмәнді ақпаратқа сын көзбен қарап, белгісіз діни топтардың шақыруларына ермеуі қажет. Егер заңға қайшы немесе қоғамға қауіп төндіретін мазмұндағы ақпарат кездессе, оны тиісті мемлекеттік органдарға хабарлаған жөн.

Қоғамдық келісім мен тұрақтылық – еліміздің ең басты құндылықтарының бірі. Оны сақтау әр мемлекеттік органның ғана емес, әрбір азаматтың ортақ міндеті. Ұлттық бірлікке, дәстүрлі рухани құндылықтарға және заң үстемдігіне сүйенген қоғам ғана кез келген деструктивті идеологияға қарсы тұра алады. Еліміздің бейбітшілігі мен тұрақты дамуы – баршамыздың ортақ жауапкершілігіміз.

**Марғұлан АБИЛОВ,
Жәйрем кенті орталық мешітінің бас имамы.**

Жылумен жабдықтау қызметтерін көрсету туралы жария шарт

Жәйрем кенті 2026 жылғы 10 шілде

Жәйрем кенті әкімі аппаратының «Жәйрем Болашақ» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны, Жарғы негізінде әрекет ететін директоры Қосыбаев Р.С. атынан, бұдан әрі «Жеткізуші» деп аталатын бір тараптан, және осы жария шартқа қосылған жеке және (немесе) заңды тұлға, бұдан әрі «Тұтынушы» деп аталатын екінші тараптан, бірлесіп «Тараптар», ал жеке-жеке «Тарап» деп аталып, төмендегілер туралы осы Жылумен жабдықтау қызметтерін көрсету туралы жария шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты.

1-бөлім. Шартта қолданылатын негізгі ұғымдар

Осы Шартта мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

Есептік кезең – тұтынылған жылу энергиясының көлемі айқындалып, төлем жүргізілетін күнтізбелік ай.

Жылу энергиясы үшін есеп айырысу – есептік кезең аяқталғаннан кейін Жеткізуші ұсынған төлем құжаты негізінде Тұтынушының нақты тұтынған жылу энергиясының құнын төлеуі.

Жылу энергиясының нақты көлемі – есепке алу аспаптарының көрсеткіштері бойынша, ал олар болмаған жағдайда уәкілетті орган бекіткен тұтыну нормаларына сәйкес айқындалатын Жеткізуші жеткізген жылу энергиясының көлемі.

Жылумен жабдықтау жүйесі – жылу энергиясын өндіруді, тасымалдауды және пайдалануды қамтамасыз ететін инженерлік құрылыстар мен жабдықтардың жиынтығы.

Жылу тұтыну қондырғылары – Тұтынушының жылу энергиясын пайдалануына арналған техникалық құрылғылар кешені.

Жылу желісі – жылу энергиясын тасымалдауға және жылу тасымалдаушының қозғалысын реттеуге арналған құбырлар мен техникалық құрылыстар жүйесі.

Жылу тасымалдауға арналған су, бу, ауа немесе басқа да сұйық не газ тәрізді зат.

Жылу энергиясы – тұтыну барысында жылу тасымалдаушының термодинамикалық қасиеттері өзгеретін энергетикалық ресурс.

Өлшеу құралын салыстырып тексеру – өлшеу құралдарының белгіленген техникалық және метрологиялық талаптарға сәйкестігін анықтау және растау мақсатында жүргізілетін жұмыстар жиынтығы.

Жеткізуші – өндірілген және (немесе) сатып алынған жылу энергиясын Тұтынушыға өткізетін ұйым.

Тараптардың пайдалану жауапкершілігінің шекарасы – Тараптардың теңгерімдік тиесілігі немесе өзара келісімі негізінде айқындалатын жылу желілері мен жылу тұтыну қондырғыларының бөліну нүктесі. Көппәтерлі тұрғын үйлерде пайдалану жауапкершілігінің шекарасы басқару торабының кіреберіс ысырмасындағы алғашқы бөлгіш фланец бойынша белгіленеді.

Теңгерімдік тиесілік шекарасы – Жеткізуші мен Тұтынушы арасындағы жылу желілерінің теңгерімдік тиесілігі бойынша белгіленетін бөліну нүктесі.

Төлем құжаты – есепке алу аспаптарының көрсеткіштері немесе есептік әдіс негізінде ресімделетін және тұтынылған жылу энергиясы үшін төлем жасауға негіз болатын шот, түбіртек, хабарлама немесе өзге де құжат.

Тұтынушы – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өз қажеттілігі үшін немесе кейіннен қосалқы тұтынушыға өткізу мақсатында жылу энергиясын сатып алатын жеке немесе заңды тұлға.

Қосалқы тұтынушы – жылу желілері немесе жылу тұтыну қондырғылары Тұтынушының желілеріне қосылған тұтынушы.

Уәкілетті органның ведомствосы – табиғи монополиялар саласында мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік органның ведомствосы.

2. Шарттың мәні

2.1. Осы Шарттың мәні – Жеткізушінің жылумен жабдықтау бойынша ақылы қызметтер көрсетуі және Тұтынушының көрсетілген қызметтер үшін белгіленген тарифке және Шарт талаптарына сәйкес ақы төлеуі болып табылады.

2.2. Жеткізуші Тұтынушыға үй-жайларды жылыту үшін тиісті сападағы жылу энергиясын беруді (босатуды) жүзеге асыруға міндеттенеді, ал Тұтынушы Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Шарттың талаптарына сәйкес тұтынылған жылу энергиясын қабылдауға және уақтылы төлеуге міндеттенеді.

2.3. Осы Шарт жылумен жабдықтау қызметтерін ұсыну тәртібін, Тараптардың құқықтары мен міндеттерін, төлем шарттарын, Тараптардың жауапкершілігін және жылумен жабдықтау қызметтерін көрсетуге байланысты өзге де ережелерді реттейді.

3. Қызметтерді ұсыну шарттары

3.1. Егер Тараптардың келісімінде өзгеше көзделмесе, Жеткізуші жылу энергиясын беруді үздіксіз жүзеге асырады.

3.2. Жылу энергиясы Тұтынушыға қосылған желі арқылы беріледі. Тұтынушыға жеткізілетін жылу энергиясының параметрлері (сапасы) Тараптардың баланстық тиесілілік шекарасында орнатылған коммерциялық есепке алу аспаптарының көрсеткіштері бойынша айқындалады және энергетика саласындағы мемлекеттік стандарттарда немесе өзге де нормативтік-техникалық құжаттамада белгіленген талаптарға сәйкес келуге тиіс. Есепке алу аспаптары болмаған немесе олардың жұмысы уақытша бұзылған жағдайда, тұтыну көлемі есептік жолмен айқындалып, Тұтынушы тарапынан төленуге тиіс.

3.3. Тұтынушының Шартта көрсетілгеннен жоғары, бірақ техникалық шарттарда белгіленген жобалық шамалардан аспайтын жылу жүктемесін және тұтынылатын жылу энергиясы көлемін арттыруына Тұтынушының өтінімі негізінде Жеткізушінің рұқсатымен ғана жол беріледі, бұл ретте Шартқа тиісті өзгерістер енгізіледі.

3.4. Тұтынушы осы Шартта белгіленген талаптарға сәйкес жылумен жабдықтау қызметтеріне ақы төлеуге, жылу энергиясын тұтыну режимін сақтауға, сондай-ақ, Шартта көзделген өзге де міндеттемелерді орындауға міндеттенеді.

3.5. Жеткізуші уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен Жылу энергиясын пайдалану қағидаларында және осы Шартта көзделген жағдайларда Тұтынушыға жылу энергиясын беруді тоқтатуға немесе шектеуге құқылы, оның ішінде:

3.5.1. егер Тұтынушының жылу тұтынушы қондырғыларының қанағаттанарлықсыз жағдайы мемлекеттік энергетикалық бақылау жөніндегі органмен расталса және бұл жағдай авария қаупін немесе азаматтардың өмірі мен қауіпсіздігіне қатер төндірсе, Тұтынушы міндетті түрде хабардар етіле отырып және жеткізілмеген жылу энергиясы үшін кейіннен қайта есептеу жүргізіле отырып;

3.5.2. Жеткізуші өкілдерінің немесе Мемлекеттік энергетикалық бақылау органдары өкілдерінің жылу тұтынушы қондырғыларына және (немесе) жылу энергиясын есепке алу аспаптарына олардың техникалық жағдайын және пайдалану қауіпсіздігін бақылау үшін кіруіне жол берілмеген жағдайда;

3.5.3. жылу тұтынушы қондырғылары есепке алу аспаптары орнатылатын орынға дейін қосылған жағдайда;

3.5.4. жылу желісіне жаңа қуаттардың өз бетінше қосылған жағдайда;

3.5.5. Тұтынушы осы Шартта белгіленген мерзімдер мен тәртіпке сәйкес жылумен жабдықтау қызметтеріне ақы төлемеген жағдайда;

3.5.6. жылу желісіне жылу тұтынушы қондырғылар мен жылу желілерінің күзгі-қысқы кезеңде жұмысқа техникалық дайындығы туралы актісіз қосылған жағдайда, сондай-ақ Тұтынушыда жылу тұтынушы қондырғыларды қауіпсіз пайдалану үшін тиісті дайындықтан өткен персонал және жауапты тұлға болмаған немесе тиісті рұқсаты бар мамандандырылған ұйыммен қызмет көрсету шарты жасалмаған жағдайда.

Жылу энергиясын беруді тоқтату немесе шектеу Тұтынушыға алдын ала ескерту арқылы жүзеге асырылады:

дереу – осы тармақтың 3.5.1, 3.5.3 және 3.5.4-тармақшаларында көзделген жағдай-

ларда;

кемінде үш тәулік бұрын – осы тармақтың 3.5.2, 3.5.5 және 3.5.6-тармақшаларында көзделген жағдайларда, үздіксіз жылумен жабдықтау объектілерін қоспағанда.

Ескерту Тұтынушыға жазбаша түрде жіберіледі және қол қою арқылы тапсырылады немесе тапсырысты хатпен жолданады. 3.5.1-тармақшасында көзделген жағдайда телефонограмма арқылы хабарлауға жол беріледі.

Көппәтерлі тұрғын үйлерде тұратын Тұтынушыларға ескерту кондоминиум объектісін басқару органының уәкілетті тұлғасына хат немесе телефонограмма жіберу арқылы жүзеге асырылады.

3.6. Жабдықтарға жоспарлы жөндеу жұмыстарын жүргізу және (немесе) жаңа Тұтынушыларды қосу қажет болған жағдайда және резервтік қорек көзі болмаған кезде, Тұтынушыны ажырату тәртібі Қазақстан Республикасында қолданыстағы Жылу энергиясын пайдалану қағидаларына сәйкес айқындалады.

4. Жылу энергиясын есепке алу

4.1. Тұтынушының жылу тұтынушы қондырғылары жылу энергиясы үшін есеп айырысуды жүргізу мақсатында қажетті есепке алу аспаптарымен қамтамасыз етіледі. Тұтынушы есепке алу аспаптарын өз бетінше сатып алуға және орнатуға құқылы. Есепке алу аспаптарын Жеткізуші сатып алып, орнатқан жағдайда, Тұтынушы Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы заңнамасында көзделген тәртіппен онымен тиісті шарт жасасады. Жылу энергиясын есепке алуды ұйымдастыру, сондай-ақ жылу тасымалдағышты есепке алу тораптарының техникалық жағдайы нормативтік-техникалық құжаттамааның талаптарына сәйкес келуге тиіс.

4.2. Жылу энергиясын есепке алу үшін Өлшем бірлігін қамтамасыз ету құралдарының мемлекеттік тізіліміне енгізілген және осындай жұмыстарды жүргізуге уәкілетті ұйымның бастапқы немесе мерзімдік тексеруден өткені туралы таңбасы бар есепке алу аспаптары пайдаланылады. Есепке алу аспаптарының көрсеткіштерін Жеткізушінің өкілдері Тұтынушының немесе оның өкілінің қатысуымен алады, бұған көрсеткіштерді қашықтан алу мүмкіндігі бар есепке алу аспаптары пайдаланылатын жағдайлар жатпайды, мұндай жағдайда Тұтынушының қатысуы талап етілмейді. Егер Тұтынушының кінәсінен есепке алу аспаптарының көрсеткіштерін 2 (екі) есептік кезең ішінде алу мүмкін болмаса және Тұтынушы тұтынылған тауардың нақты көлемі туралы мәліметтерді ұсынбаса, Жеткізуші кейіннен нақты деректер бойынша қайта есептеу жүргізе отырып, өткен жылдың ұқсас кезеңіндегі тауардың орташа тәуліктік шығыны бойынша есеп жүргізуге құқылы. Көрсеткіштерді Тұтынушының кінәсінен алу мүмкін еместігі Жеткізушінің журналындағы тиісті жазбамен расталады.

4.3. Есепке алу аспаптарын мерзімдік тексеруді, жөндеуді және техникалық қызмет көрсетуді Тұтынушымен жасалған жеке шарт негізінде жылу беруші ұйым немесе осы қызмет түрін жүзеге асыруға рұқсаты бар өзге де мамандандырылған ұйым жүзеге асырады. Тұтынушы есепке алу аспаптарын тексеру, жөндеу және техникалық қызмет көрсету жұмыстарын жүргізу үшін мамандандырылған ұйымды өз бетінше таңдауға құқылы.

4.4. Тараптар өз баланстарында тұрған есепке алу аспаптарының метрологиялық тексерулерін тиісті метрологиялық стандарттарда көзделген мерзімдерде өз қаражаты есебінен жүргізеді. Тараптар қосымша тексеру жүргізуді талап етуге құқылы, мұндай тексеру оны жүргізуге бастама көтерген Тараптың есебінен жүзеге асырылады.

4.5. Жеткізуші жеткізген және Тұтынушы қабылдаған тауар көлемі есепке алу аспаптарының көрсеткіштері бойынша айқындалады. Тұтынушыда есепке алу аспаптары болмаған жағдайда, төлем мөлшері Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы заңнамасына сәйкес тиісті елді мекен (өңір) үшін бекітілген тұтыну нормалары бойынша айқындалады және уәкілетті органның ведом-

ствосымен бекітіледі.

4.6. Егер шартта өзгеше көзделмесе, тауарды босату есебі Тараптардың баланстық тиесілілік шекарасында жүргізіледі. Есепке алу аспаптары Тараптардың баланстық тиесілілік шекарасында орнатылмаған жағдайда, желі учаскесінің шекарадан есепке алу аспаптары орнатылған жерге дейінгі бөлігіндегі шығындары осы желі учаскесінің иесіне жүктеледі. Жылу шығындарын есептеу немесе жылу шығындары бойынша сынақтарды жылу беруші ұйым Тұтынушымен бірлесіп жүргізеді.

4.7. Тұтынушылардың меншігіндегі, оның ішінде ортақ меншігіндегі жылу желілерінің техникалық жағдайына және олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жауапкершілік Тұтынушыларға жүктеледі және баланстық тиесілілік шекарасы бойынша айқындалады. Тауарды есепке алу аспаптарының сақталуына жауапкершілік олардың иесіне жүктеледі және баланстық тиесілілік шекарасы бойынша айқындалады. Кондоминиум объектісін басқару органы жылу тұтынушы қондырғыларына қызмет көрсетуді өз бетінше немесе мамандандырылған ұйыммен жасалған шарт негізінде жүзеге асыруға құқылы.

4.8. Есепке алу аспабы істен шыққан жағдайда, Жеткізуші тиісті кезеңдер үшін есепке алу аспаптары жоқ Тұтынушыларға арналған тұтыну нормасы бойынша есеп жүргізеді, бірақ есепке алуды қалпына келтіру қажет болатын бір айdan аспайтын мерзімге. Егер көрсетілген мерзім ішінде есепке алу аспабын қалпына келтіру мүмкін болмаса, есеп айырысу тәртібі мен есепке алуды қалпына келтіру мерзімдері Тараптардың жеке келісімімен айқындалады. Есепке алу аспаптары үшінші тұлғалардың ұрлауы немесе бүлдіруі салдарынан істен шыққан жағдайда, олардың сақталуына жауапты тұлға, егер Шартта өзгеше көзделмесе, есепке алу аспаптарын бір ай мерзімі ішінде қалпына келтіруге міндетті. Есепке алу аспаптары қалпына келтірілгенге дейін Тұтынушы жылу желісіне қосылуды талап етуге құқылы.

5. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

5.1. Тұтынушының құқықтары:

5.1.1. Уәкілетті органның ведомствосы бекіткен тарифтер (бағалар, алымдар мөлшерлемелері) бойынша жылумен жабдықтау қызметтерін сатып алуға;

5.1.2. Осы Шартта көзделген көлемде және мерзімдерде белгіленген сападағы қызметтерді алуға;

5.1.3. Тұрмыстық тұтыну үшін қажетті мөлшерде тауар алуға;

5.1.4. Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы заңнамасына сәйкес тарифтердің (бағалардың, алымдар мөлшерлемелерінің) немесе олардың шекті деңгейлерінің өзгеруі туралы ақпарат алуға;

5.1.5. Шарт талаптарына сәйкес жылумен жабдықтау қызметтері үшін төлемді қайта есептеуді және тауардың жеткізілмеуі немесе тиісті сапада жеткізілмеуі салдарынан келтірілген нақты залалды өтеуді талап етуге;

5.1.6. Сыртқы ауаның нақты температурасын ескере отырып, жылумен жабдықтау қызметтерінің құнын қайта есептеуді талап етуге;

5.1.7. Шартты жасасуға және орындауға байланысты даулы мәселелерді шешу үшін уәкілетті органдарға және (немесе) сотқа жүгінуге;

5.1.8. Қоғамдық тыңдауларға қатысуға;

5.1.9. Жеткізушіні хабардар өткен және нақты көрсетілген қызметтер үшін толық ақы төлеген жағдайда, Шартты біржақты тәртіппен бұзуға;

5.1.10. Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында көзделген өзге де құқықтарға ие болуға;

5.1.11. Нақты көрсетілген қызметтер үшін ақы төлеу шартымен, Жеткізушіні кемінде 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын жазбаша хабардар ете отырып, Шартты біржақты тәртіппен бұзуға. Бұл ретте, егер жылыту жүйесі көппәтерлі тұрғын үйдің ортақ жылыту жүйесінің бөлігі болып табылса, жекелеген үй-жай

иесінің Шарттан біржақты бас тартуына жол берілмейді.

5.2. Тұтынушының міндеттері:

5.2.1. Шарт талаптарына сәйкес жылумен жабдықтау қызметтеріне уақтылы және толық көлемде ақы төлеуге;

5.2.2. Есепке алу аспаптарының істен шыққаны немесе олардың жұмыс режимі бұзылғаны туралы Жеткізушіге дереу жазбаша хабарлауға. Хабарлама болмаған жағдайда, есепке алу аспаптары құжатпен расталған соңғы тексеру жүргізілген күннен бастап істен шыққан деп есептеледі;

5.2.3. Пайдаланылатын желілердің, есепке алу аспаптарының және жабдықтардың тиісті техникалық жағдайын және қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, белгіленген жылу энергиясын тұтыну режимін сақтауға, сондай-ақ авариялар, өрттер және өзге де бұзушылықтар туралы Жеткізушіге дереу хабарлауға;

5.2.4. Пайдалануға берілгенге дейін және әрбір жылыту маусымы басталар алдында жоспарлы жөндеу және авариялық-қалпына келтіру жұмыстары жағдайларын қоспағанда, Жеткізуші беретін техникалық дайындық актісін алу үшін қажетті іс-шараларды жүргізуге;

5.2.5. Жеткізуші және Мемлекеттік энергетикалық бақылау өкілдерінің техникалық жағдайды және қауіпсіздікті бақылау мақсатында есепке алу аспаптарына және жылу тұтынушы қондырғыларға кедергісіз кіруін қамтамасыз етуге;

5.2.6. Шарт бұзылған жағдайда (оның ішінде жылжымайтын мүлік сатылған кезде) есеп айырысуларды салыстырып тексеруге және нақты көрсетілген қызметтер үшін берешекті өтеуге;

5.2.7. Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Шартта көзделген өзге де міндеттемелерді орындауға.

5.3. Жеткізушінің құқықтары:

5.3.1. Жылу энергиясын пайдалану қағидаларына сәйкес Тұтынушылар орындауға міндетті техникалық талаптарды белгілеуге;

5.3.2. Жылу энергиясын пайдалану қағидаларында белгіленген тәртіппен есепке алу аспаптарына техникалық қызмет көрсетуді жүргізуге және оларды тексеруді ұйымдастыруға;

5.3.3. Шарттың 3.5.5 және 3.5.6-тармақтарында көзделген жағдайларда Шарттың орындалуын біржақты тәртіппен тоқтата тұруға;

5.3.4. Уәкілетті органның ведомствосы бекіткен тарифтер бойынша жылумен жабдықтау қызметтері үшін ақы алуға;

5.3.5. Уәкілетті орган бекіткен тәртіппен реттелетін жылумен жабдықтау қызметтеріне тарифтерді төмендетуге;

5.3.6. Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген өзге де әрекеттерді жүзеге асыруға.

5.4. Жеткізушінің міндеттері:

5.4.1. Барлық жылумен жабдықтау қызметтерін тұтынушылар үшін тең жағдайларды қамтамасыз етуге;

5.4.2. Тұтынушылардан көрсетілген қызметтер үшін төлемдерді қабылдауды қамтамасыз етуге;

5.4.3. Баланстық тиесілілік шекарасында осы Шартта белгіленген тауар параметрлерін қамтамасыз етуге;

5.4.4. Мемлекеттік органдар белгілеген сапа талаптарына сәйкес, сондай-ақ Шартта айқындалған тәртіп пен мерзімдерде жылумен жабдықтау қызметтерін көрсетуге;

5.4.5. Тауардың жеткізілмеуі немесе тиісті сапада жеткізілмеуі салдарынан келтірілген нақты залалды өтеуге және қызмет құнын қайта есептеуге, сондай-ақ бекітілген әдістемеге сәйкес сыртқы ауаның нақты температурасын ескере отырып қайта есептеу жүргізуге;

5.4.6. Жеткізілетін тауардың есебін және сапасын бақылауды жүргізуге, сапа талаптарының бұзылуының алдын алу және оларды жою бойынша шаралар қабылдауға;

5.4.7. Тұтынушының тауар сапасының төмендеуі туралы жазбаша немесе ауызша өтініші түскен күннен бастап 3 (үш) күнтізбелік күн ішінде оны қалпына келтіру бойынша шаралар қабылдауға және қайта есептеу жүргізуге;

5.4.8. Шартта көзделген жағдайларды қоспағанда, жылумен жабдықтауда үзілістерге жол бермеуге;

5.4.9. Есепке алу аспабы Тұтынушының

кінәсінен тыс істен шыққан жағдайда, өткен жылдың ұқсас кезеңіндегі орташа тәуліктік шығын бойынша есеп жүргізуге;

5.4.10. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімдерде тарифтердің өзгеруі туралы Тұтынушыға ақпарат беруге;

5.4.11. Қазақстан Республикасының салық заңнамасы өзгерген жағдайда, уәкілетті орган белгілеген тәртіппен тауар тарифтерін төмендетуге;

5.4.12. Тұтынушы өкілдерінің қатысуымен тауарды есепке алу аспаптарының көрсеткіштерін алуға немесе оларды энергия беруші ұйым өкілдерінің Тұтынушы өкілдерінің қатысуымен алуын қамтамасыз етуге;

5.4.13. Тұтынушылардың өтініштері мен шағымдарын белгіленген мерзімдерде қарауға;

5.4.14. Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Шартта көзделген өзге де міндеттемелерді орындауға.

6. Тараптарға қойылатын талаптар

6.1. Тұтынушыға мыналарға тыйым салынады:

6.1.1. Жабдықтаушымен келісусіз орамшılıқ жылу желілерін қайта жабдықтауға. Бұл талап құбырларға, радиаторларға, қосу тораптарына және басқа да элементтерге енгізілетін кез келген өзгерістерге қатысты;

6.1.2. Жабдықтаушымен келісусіз реттеуші және бекіту арматураларын (крандар, клапандар, реттегіштер) орнатуға немесе қосуға;

6.1.3. Қауіпсіздік талаптарына немесе энергетика саласындағы нормативтерге сәйкес келмейтін жабдықтарды пайдалануға;

6.1.4. Жылу энергиясын есепке алу схемасын бұзуға, яғни есепке алу аспаптарының жұмысына араласуға;

6.1.5. Жылу тасымалдағышты мақсатынан тыс пайдалануға, яғни жылыту жүйесіндегі ыстық суды тұрмыстық қажеттіліктер үшін пайдалануға.

6.2. Тараптарға мыналарға тыйым салынады:

6.2.1. Екінші тараптың құқықтарын шектейтін кез келген әрекеттерді жасауға;

6.2.2. Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасын бұзуға.

7. Есеп айырысу тәртібі

7.1. Жабдықтаушы мен Тұтынушы арасындағы жылумен жабдықтау қызметтері бойынша есеп айырысулар осы Шартқа, уәкілетті орган бекіткен қолданыстағы тарифтерге және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жүзеге асырылады.

7.2. Жабдықтаушы нақты көрсеткен жылумен жабдықтау қызметтері үшін төлем Тұтынушы тарапынан есепке алу аспаптарының көрсеткіштері негізінде есептік кезеңнен кейінгі айдың 25-күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Есепке алу аспаптары болмаған жағдайда төлем тұрғын үйдің жалпы пайдалы алаңының шаршы метріне сәйкес есептеледі.

7.3. Алдыңғы есептік кезеңдер бойынша берешек болған жағдайда, түскен төлемдер бірінші кезекте сол берешекті өтеуге бағытталады.

Егер Тұтынушы есептік кезең үшін есептелген сомадан артық төлем жасаса, артық төленген сома келесі есептік кезеңнің аванстық төлемі ретінде есептеледі немесе Тараптардың келісімі бойынша Тұтынушының Жабдықтаушы алдындағы басқа міндеттемелерін өтеуге бағытталуы мүмкін.

Тұтынушы Жабдықтаушы қызметтерінен бас тартқан жағдайда, артық төленген сомалар қайтарылуда жатады.

7.4. Коммерциялық есепке алу аспаптарының жарамсыздығына немесе өзге де жағдайларға байланысты шоттарға түзетулер енгізу қажет болған жағдайда, Тараптар келесі есептік кезеңдерде қайта есептеу жүргізеді.

7.5. Тұтынушының Жабдықтаушы қызметтері үшін төлем жасау жөніндегі міндеттемелері қаражат Жабдықтаушының шот-фактурада (төлем түбіртегінде) көрсетілген ағымдағы шотына түскен сәттен бастап орындалды деп есептеледі.

8. Дауларды шешу тәртібі

8.1. Жылу энергиясын берудің тоқтатылған уақыты немесе оның сапасының

нормативтік-техникалық құжаттардың талаптарына сәйкес келмеуі күні мен сағаты көрсетіле отырып, Жеткізушінің диспетчерлік қызметінің журналында тіркеледі. Сондай-ақ, журналда Тауарды тиісті сапада қайта берудің күні мен уақыты көрсетіледі.

8.2. Тауарды беруде үзіліс болған не сапасы талаптарға сәйкес келмейтін Тауар жеткізілген жағдайда, Тұтынушы Жеткізушіні жеке өзі (өтінім беру арқылы) немесе телефонграмма арқылы хабардар етеді. Хабарламада міндетті түрде хабарламаның берілген күні мен уақыты, хабарламаны берген және қабылдаған тұлғалардың тегі, Тауар сапасының нашарлауының (немесе берілмеуінің) басталған уақыты, сапаның нашарлау сипаты, сондай-ақ сапаның нашарлауы немесе Тауарды берудегі үзіліс фактісі Жеткізушінің журналында тіркелмеген жағдайда, Жеткізуші өкілінің қатысу қажеттілігі көрсетіледі.

8.3. Тұтынушы жеке өтініш жасаған жағдайда, өтінім екі данада ресімделеді, оның бір данасы тіркелгені туралы белгімен (тіркеу нөмірі, берілген күні мен уақыты, Жеткізуші өкілінің қолы) Тұтынушыға қайтарылады. Жылумен жабдықтау тоқтатылған жағдайда өтінім дереу беріледі, ал параметрлердің нашарлауы кезінде – ауытқу басталған сәттен бастап бір тәуліктен кешіктірілмей берілуге тиіс. Жеткізуші журналдағы деректерді өтінімде (телефонограммада) көрсетілген мәліметтермен салыстырады және келіспеушіліктер болмаған жағдайда, Тауардың құны нақты тұтыну көлемі мен параметрлердің есептік мәндерден орташа тәуліктік ауытқуы негізінде қайта есептеледі.

8.4. Жеткізуші Тауардың берілмеуі немесе сапасы талаптарға сәйкес келмейтін Тауардың жеткізілуі фактісін растаудан бас тартқан жағдайда, Тұтынушы мынадай мәліметтерді қамтитын жазбаша өтініш жасауға құқылы:

Тауардың берілмеуі немесе оның сапасының нашарлауы басталған уақыт; сапаның нашарлау сипаты; өтінімнің берілген уақыты және оның тіркеу нөмірі;

Тауарды берудің қайта басталған немесе оның сапасының қалыпқа келтірілген уақыты; Тауардың болмауы немесе оның сапасының нашарлауы орын алған кезең.

Өтінішке Тұтынушы, Тұтынушының жылу шаруашылығына жауапты тұлғасы, сондай-ақ екі тәуелсіз куә қол қояды және ол Жеткізушіге жолданады. Дау реттелмеген жағдайда, Тұтынушы мемлекеттік энергетикалық қадағалау органына жүгінуге немесе сотқа талап қоюға құқылы.

8.5. Желілік суды өз бетінше алу, жылу тұтыну қондырғыларын рұқсатсыз қосу, коммерциялық есепке алу аспаптарын бұздыру, есепке алу торабында энергия беруші ұйым және (немесе) Жеткізуші орнатқан пломбалардың бүлінуі немесе болмауы анықталған жағдайда, энергия беруші ұйым және (немесе) Жеткізуші тиісті акт жасайды және пайдаланылған Тауар көлеміне екі еселенген мөлшерде қайта есептеу жүргізіледі. Акт Жеткізуші мен Тұтынушының (немесе оның өкілінің) қолдары қойылған жағдайда жарамды болып есептеледі. Тұтынушы актіге қол қояудан бас тартқан жағдайда, егер акт Жеткізушінің және (немесе) condominium басқару органының кемінде үш адамнан тұратын комиссиясы арқылы ресімделсе, ол да жарамды болып саналады.

8.6. Тараптар келісімге қол жеткізбеген жағдайда, Шарттан туындайтын немесе оған байланысты барлық даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сот тәртібімен шешілуге жатады.

9. Тараптардың жауапкершілігі

9.1. Тараптар осы Шарт бойынша міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, Жылу энергиясын пайдалану қағидаларына және осы Шарттың талаптарына сәйкес жауапты болады.

9.2. Қызметтер үшін төлем уақтылы төленбеген жағдайда, Жеткізуші Тұтынушыға мерзімі өткен төлем сомасының әрбір кешіктірілген күні үшін 0,1% мөлшерінде, бірақ негізгі берешек сомасынан аспайтын мөлшерде өсімпұл есептеуге құқылы. Өсімпұл есептеу есептік айдан кейінгі айдың 26-күнінен бастап, яғни төлем мерзімі өткеннен кей-

інгі күннен бастап жүргізіледі және Тұтынушы төлем жөніндегі міндеттемесін нақты орындаған күнге дейін жалғасады, егер Тараптардың келісімінде өзгеше көзделмесе.

9.3. Өсімпұлды төлеу Тараптарды осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан босатпайды.

9.4. Жылу желілеріне өз бетінше қосылғаны үшін Тұтынушы Жеткізушіге келтірілген залалды өтейді және Жеткізушінің есептеулері бойынша нақты тұтынылған жылу энергиясы үшін ақы төлейді.

9.5. Тұтынушы жылу тұтынушы қондырғыларын пайдалану талаптарын бұзғаны, соның салдарынан авариялар, іркілістер немесе жылу энергиясын артық тұтыну орын алғаны үшін жауапты болады және Жеткізушіге келтірілген залалды өтейді.

9.6. Қызмет тиісті емес сапада көрсетілген жағдайда, Жеткізуші жылумен жабдықтау саласындағы қолданыстағы нормативтер мен қағидаларға сәйкес қызмет құнын қайта есептейді.

9.7. Жеткізуші авариялар, жоспарлы жұмыстар жүргізу, еңсерілмейтін күш жағдайлары (форс-мажор) немесе үшінші тұлғалардың әрекеттері жағдайларын қоспағанда, жылумен жабдықтаудағы негізсіз үзілістер үшін жауапты болады.

9.8. Егер Жеткізушінің жылумен жабдықтау қызметін көрсете алмауы Жеткізушімен шарттық қатынастағы үшінші тұлғалардың кінәсінен туындаса, Тұтынушы алдындағы жауапкершілікті Жеткізуші көтереді.

9.9. Жеткізуші Тұтынушы жабдықтарының ақауларына байланысты жылумен жабдықтауда болған іркілістер үшін жауапты болмайды.

9.10. Тараптар құзыретті орган растаған еңсерілмейтін күш жағдайларының (форс-мажор) салдарынан міндеттемелерді орындамағаны үшін жауапкершілік көтермейді.

10. Форс-мажорлық жағдайлар

10.1. Егер осы Шарт бойынша міндеттемелердің орындалмауы немесе тиісінше орындалмауы еңсерілмейтін күш жағдайларының салдарынан туындаса, Тараптар жауапкершіліктен босатылады. Бұл жағдайда Тараптардың ешқайсысы келтірілген залалды өтеуді талап етуге құқылы емес. Тараптардың кез келгенінің талабы бойынша өзара міндеттемелерді орындау тәртібін айқындау үшін комиссия құрылуы мүмкін. Бұл ретте Тараптар еңсерілмейтін күш жағдайлары басталғанға дейін туындаған міндеттемелерін орындаудан босатылмайды.

10.2. Егер Тараптардың бірі еңсерілмейтін күш жағдайлары туындаған күннен бастап 60 (алпыс) күнтізбелік күн ішінде Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындай алмайтын болса, екінші Тарап Шартты бұзу туралы жазбаша хабарлама жіберу арқылы Шартты бұзуға құқылы.

11. Өзге де талаптар

11.1. Осы Шарт Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 387-бабына сәйкес Жария шарт болып табылады.

11.2. Осы Шарт бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған сәттен бастап күшіне енеді және белгіленбеген мерзімге жасалған болып есептеледі.

11.3. Осы Шарттан туындайтын және оның ережелерімен реттелмеген Тараптар арасындағы қатынастар Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

11.4. Осы Шарт күшіне енген күннен бастап, 2018 жылғы 17 қарашадағы № 5 «Қазыналы өңір» газетінде жарияланған «Тұрмыстық тұтынушыларды жылу энергиясымен жабдықтау бойынша қызметтер көрсету туралы жария шарттың» күші жойылды деп есептелсін.

12. Жабдықтаушының заңды мекенжайы және банктік деректемелері

Жәйрем кенті әкімі аппаратының «Жәйрем Болашақ» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны.

БСН: 180940016628.

Заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Ұлытау облысы, Қаражал қаласы, Жәйрем кенті, Металлургтер көшесі, 27 ғимарат, пошта индексі 100702.

Банктік деректемелері: «ForteBank» АҚ.

БИК: IRTYKZKA.

ЖСК: KZ1296509F0007652387.



Қатты тұрмыстық қалдықтарды шығару бойынша қызмет көрсету туралы жария шарт

Жәйрем кенті

10 шілде 2026 жыл

Жарғы негізінде әрекет ететін, Жәйрем кенті әкімі аппаратының «Жәйрем Болашақ» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны директоры Косыбаев Рымғали Смаилович атынан, бұдан әрі «Қызмет көрсетуші» деп аталатын бір тараптан және тұрақты тұруға арналған тұрғын үй-жайлардың меншік иелері немесе жалдаушылары болып табылатын Тұтынушылар екінші тараптан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар», ал жеке-жеке «Тарап» деп аталып, қатты тұрмыстық қалдықтарды шығару бойынша қызмет көрсету туралы осы шартты (бұдан әрі – Шарт) төмендегілер туралы жасасты:

1. Жалпы ережелер

1.1. «Қатты тұрмыстық қалдықтар» (бұдан әрі – ҚТҚ) – адамның тіршілік әрекеті нәтижесінде пайда болатын және сұйық, газ тәрізді немесе қауіпті қалдықтарға жатпайтын коммуналдық қалдықтар;

1.2. «Коммуналдық қалдықтар» – елді мекендерде пайда болатын тұтыну қалдықтары, оның ішінде адамның тіршілік әрекеті нәтижесінде пайда болатын қалдықтар, сондай-ақ, құрамы мен түзілу сипаты бойынша оларға ұқсас өндірістік қалдықтар;

1.3. «Сұйық қалдықтар» – сұйық күйдегі кез келген қалдықтар;

1.4. «Ірі көлемді қоқыс» – тұтыну және шаруашылық қызметі нәтижесінде пайда болған (оның ішінде тұрмыстық техника, жиһаз және өзге де заттар) тұтынушылық қасиеттерін жоғалтқан және көлемі бойынша оларды стандартты қоқыс шығаратын машиналармен тасымалдауға мүмкіндік бермейтін қалдықтар;

1.5. «Қоқыс шығару ұйымы» – коммуналдық қалдықтарды арнайы көлік құралдарымен жинауды, шығаруды және тасымалдауды жүзеге асыратын ұйым;

1.6. «Құрылыс қалдықтары» – ғимараттар мен құрылыстарды, немесе олардың жекелеген конструкциялық элементтерін бөлшектеу (бұзу) процесінде, сондай-ақ құрылыс-монтаж, жөндеу-құрылыс және өрлеу жұмыстары барысында пайда болатын қалдықтар;

1.7. «Тариф» – қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгіленген, қалдықтарды жинау орындарынан оларды орналастыру (көму), сақтау немесе қайта өңдеу объектілеріне дейін 1 (бір) текше метр (м³) ҚТҚ шығарудың құны;

1.8. «ҚТҚ шығару қызметі үшін төлем мөлшері» – бекітілген тариф және Қаражал қаласы мәслихатының шешімімен бекітілген Жәйрем кенті бойынша ҚТҚ жинақталу нормалары негізінде айқындалатын ҚТҚ шығару қызметінің төлем құны;

1.9. «Контейнерлік алаң» – ҚТҚ жинауға арналған контейнерлер орналастырылатын, ҚТҚ тасымалдауды жүзеге асыратын арнайы көлік құралдарының кіріп-шығуына арналған жолдары бар қалдықтарды жинақтауға арналған арнайы алаңдар.

2. Шарттың мәні

2.1. Осы Шарттың мәні – Қызмет көрсетушінің қатты тұрмыстық қалдықтарды (ҚТҚ), коммуналдық қалдықтарды және ірі көлемді қоқыстарды (бұдан әрі – Қызметтер) оларды жинақтауға арналған орындардан жинау, шығару, тасымалдау және орналастыру (көму) бойынша ақылы қызметтер көрсетуі, сондай-ақ Тұтынушының көрсетілген Қызметтер үшін белгіленген тарифке және осы Шарттың талаптарына сәйкес ақы төлеуі болып табылады.

2.2. Қызметтер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, жергілікті атқарушы органдардың нормативтік құқықтық актілеріне, сондай-ақ Жәйрем кенті бойынша бекітілген ҚТҚ жинақталу нормаларына сәйкес көрсетіледі.

2.3. Осы Шарт ҚТҚ шығаруды ұйымдастыруға байланысты қызметтерді көрсету тәртібін, Тараптардың құқықтары мен міндеттерін, төлем жасау шарттарын, Тараптардың жауапкершілігін және өзге де ережелерді реттейді.3. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

3. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

3.1. Тұтынушының құқықтары:

3.1.1. Санитариялық қағидалардың талаптарына және осы Шарттың талаптарына сәйкес ҚТҚ-ның уақтылы шығарылуына құқылы.

3.1.2. Тарифтердің қолданылуы, Қызметтер үшін төлем мөлшері, шығару кестелері және қызметтерді ұсынудың өзге де шарттары туралы ақпарат алуға құқылы.

3.1.3. Қызмет көрсетушінің кінәсінен қызмет көрсету сапасындағы кемшіліктер салдарынан денсаулығына және/немесе мүлкіне келтірілген залал мен зиянды Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында айқындалған мөлшерде және тәртіппен толық көлемде өтеуді талап етуге құқылы.

3.1.4. Қызмет көрсетушінің қызмет көрсету барысында анықталған кемшіліктерді жоюын талап етуге құқылы.

3.1.5. Өз құқықтары бұзылған жағдайда Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сот арқылы қорғалуға құқылы.

3.2. Тұтынушының міндеттері:

3.2.1. Осы Шартта белгіленген мерзімдерде Қызмет көрсетушінің қызметтеріне уақтылы және толық көлемде ақы төлеуге міндетті.

3.2.2. Өзі пайда болған қалдықтарды оларды уақытша сақтауға арналған белгіленген орындарға (контейнерлік жүйе кезінде) немесе арнайы бөлінген тиеу орындарында орналасқан өз ыдысына (сыйымдылығына) жинап, қоқыс жинайтын көлікке тапсыруға (контейнерсіз шығару жүйесі кезінде) міндетті.

3.2.3. ҚТҚ контейнерлеріне сұйық қалдықтарды төгуге, сондай-ақ құрылыс қалдықтарын, топырақты, ірі көлемді қоқысты, металл сынықтарын, ағаш кесінділерін, жапырақтар мен бұтақтарды тастауға жол бермеуге міндетті.

3.2.4. Құрылыс қалдықтарын, топырақты, ірі көлемді қалдықтарды, металл сынықтарын, ағаш кесінділерін, жапырақтарды, бұтақтарды, сондай-ақ, қазандықтардың шлақтарын және пеш күлін контейнерлік алаңдарға, ҚТҚ контейнерлеріне және үй маңындағы аумақтарға жинақтауға жол бермеуге міндетті.

3.2.5. Осы Шарттың 3.2.4-тармағында көрсетілген қалдықтарды шығару үшін жеке өтінім рәсімдеуге және оларды қоқыс шығаратын ұйымға шарттық бағалар бойынша қосымша төлеуге міндетті.

3.2.6. ҚТҚ-ны белгіленбеген орындарға (контейнерлік алаңдардан басқа) жинақтауға, сондай-ақ оларды жерге көмуге, контейнерлерде, аулаларда және көшелерде өртеуге жол бермеуге міндетті. Осы тармақ талаптарын бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілік көзделеді.

3.2.7. Контейнерлер мен контейнерлік алаңдардың қоршауларына ұқыпты қарауға және олардың сақталуын қамтамасыз етуге міндетті.

3.2.8. Арнайы техниканың контейнерлік алаңдарға кедергісіз кіруін қамтамасыз етуге, оның ішінде контейнерлік алаңдарға кіреберіс жолдарда автокөліктердің тұрақтауына жол бермеуге міндетті.

3.2.9. Тұрғын үй-жайдан көшіп шыққанға дейін жылжымайтын мүлікке қатысты азаматтық-құқықтық мәмілелер жасалған жағдайда Қызмет көрсетушімен толық есеп айырысуға міндетті.

3.2.10. Төлем мөлшерін есептеуге әсер ететін өзгерістер туралы (тұрғындар санының өзгеруі, үй-жай мәртебесінің өзгеруі және т.б.) Қызмет көрсетушіге құжаттармен расталған ақпарат беруге міндетті.

3.2.11. Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Шартта көзделген өзге де міндеттемелерді орындауға міндетті.

3.3. Қызмет көрсетушінің құқықтары:

3.3.1. Тұтынушыдан Қызметтер үшін төлемді уақтылы және толық көлемде алуға, сондай-ақ төлем мерзімдері бұзылған жағдайда Шартта көзделген шараларды қолдануға құқылы.

3.3.2. Тұтынушы көрсетілген Қызметтер үшін төлем жасау мерзімдерін бұзған жағдайда, өзінің мүлкіктік мүдделерін қорғау үшін Қазақстан Республикасының сот органдарына жүгінуге, оның ішінде берешек сомасы мен есептелген өсімшұнды мәжбүрлеп өндіріп алуды талап етуге құқылы.

3.3.3. Тұтынушыдан қалдықтарды жинақтау және тапсыру қағидаларын сақтауын талап етуге құқылы.

3.3.4. Қызметтерді тиісінше көрсету үшін қажетті, дұрыс ақпаратты Тұтынушылардан алуға құқылы.

3.3.5. Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Шартта көзделген жағдайларда қызмет көрсетуді уақытша тоқтатуға немесе шектеуге құқылы.

3.4. Қызмет көрсетушінің міндеттері:

3.4.1. Шарт талаптарына сәйкес өзіне бекітілген аумақтардан ҚТҚ, коммуналдық қалдықтар мен ірі көлемді қоқыстарды олардың жинақталу орындарынан жоспарлы түрде тұрақты шығаруды жүзеге

асыруға міндетті.

3.4.2. Өзгеріп отыратын пайдалану жағдайларына сәйкес арнайы көліктің қозғалыс сызбалары бар маршруттық кестелерді әзірлеуге және қажет болған жағдайда түзетуіне міндетті.

3.4.3. Қызметтерді орындау үшін қажетті жарамды техникамен, жабдықтармен және персоналмен қамтамасыз етуге міндетті.

3.4.4. Қалдықтарды контейнерлерден арнайы техникаға түсіру кезінде шашылып қалған қоқыстарды жинауға міндетті.

3.4.5. Контейнерлердің сақталуын қамтамасыз ету мақсатында ҚТҚ тиеу жұмыстарын орындау кезінде жабдықтарға ұқыпты қарауға міндетті.

3.4.6. Санитариялық және техникалық талаптарға сәйкес келетін жарамды арнайы көлікті пайдалануға міндетті.

3.4.7. Қалдықтармен қауіпсіз жұмыс істеуді қамтамасыз етуге және қоршаған ортаның ластануына жол бермеуге міндетті.

3.4.8. Қолданыстағы нормаларға сәйкес қалдықтарды орналастыру (көму) объектілеріне қауіпсіз тасымалдауды жүзеге асыруға міндетті.

3.4.9. Тұтынушыға ҚТҚ шығарғаны үшін төлем жасауға арналған төлем құжаттарын Қызметтер көрсетілген айдан кейінгі айдың 10-күнінен кешіктірмей ұсынуға міндетті.

3.4.10. Қызметтер үшін төлемдерді адамның нақты тұру фактісі туралы белгіленген актінің негізінде немесе азаматтарды тіркеу деректеріне сәйкес есептеуге міндетті.

3.4.11. ҚТҚ шығару қызметтері үшін төлем мөлшері мен тарифтердің өзгеруі, сондай-ақ қызмет көрсету шарттарының өзгеруі туралы Тұтынушыны олар енгізілгенге дейін кемінде 10 (он) күнтізбелік күн бұрын бұқаралық ақпарат құралдарында тиісті ақпарат жариялау арқылы хабардар етуге міндетті.

3.4.12. Тұтынушылардың өтініштері мен шағымдарын белгіленген мерзімдерде қарауға міндетті.

3.4.13. Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Шартта көзделген өзге де міндеттемелерді орындауға міндетті.

4. Есеп айырысу тәртібі мен шарттары

4.1. Тұтынушы көрсетілген Қызметтер үшін Қызмет көрсетушіге уақтылы және толық көлемде ақы төлеуге міндетті.

4.2. Төлем Тұтынушы тарапынан есептік айдан кейінгі айдың 25-күнінен кешіктірілмей, Қызмет көрсетуші ұсынған төлем құжаттарының негізінде Қызмет көрсетушінің есеп айырысу шотына ақша қаражатын аудару немесе Қызмет көрсетушінің қасасына қолма-қол ақша енгізу арқылы жүзеге асырылады.

4.3. Тұтынушы төлем жасау мерзімдерін бұзған жағдайда, Қызмет көрсетуші өзінің мүлкіктік мүдделерін қорғау үшін Қазақстан Республикасының сот органдарына жүгінуге, оның ішінде берешек сомасын және есептелген өсімшұнды мәжбүрлеп өндіріп алуды талап етуге құқылы.

4.4. ҚТҚ шығару қызметтері үшін төлем мөлшері тұрғын үй-жайда (пәтерде немесе үйде) іс жүзінде тұратын адамдар санына және белгіленген жинақталу нормаларына қарай, Қаражал қаласы мәслихатының шешімімен бекітілген тарифтерге сәйкес айқындалады.

4.5. Тұтынушы және/немесе онымен бірге тұратын адамдар уақытша болмаған жағдайда, Тұтынушы өтініш беріп, растайтын құжаттарды ұсынған кезде, болмаған кезең үшін Қызметтерге ақы есептелмейді. Қайта есептеу Тұтынушының өтініші негізінде жүзеге асырылады. Көрсетілген мән-жайлар төлемді қайта есептеу үшін Тұтынушы өтініш берген күннен бастап ескеріледі.

5. Тараптардың жауапкершілігі

5.1. Қызмет көрсетуші мен Тұтынушы шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

5.2. Қызметтер үшін төлем уақтылы төленбеген жағдайда, Қызмет көрсетуші Тұтынушыға мерзімі өткен төлем сомасының әрбір кешіктірілген күні үшін 0,1% мөлшерінде, бірақ негізгі берешек сомасынан аспайтын мөлшерде өсімшұл есептеуге құқылы. Өсімшұл есептеу есептік айдан кейінгі айдың 26-күнінен бастап, яғни төлем мерзімі өткеннен кейінгі күннен бастап жүргізіледі және Тұтынушы төлем

жөніндегі міндеттемесін нақты орындаған күнге дейін жалғасады, егер Тараптардың келісімінде өзгеше көзделмесе.

5.3. Алдыңғы кезеңдер үшін берешек болған жағдайда, Тұтынушы енгізген төлем бірінші кезекте өсімшұлды өтеуге, содан кейін негізгі берешекті өтеуге бағытталады.

5.4. Өсімшұлды төлеу Тараптарды осы Шарт бойынша өздеріне қабылдаған міндеттемелерін орындаудан босатпайды.

6. Дауларды қарау тәртібі

6.1. Осы Шарт бойынша даулар туындаған жағдайда, Тараптар оларды сотқа дейін реттеу үшін барлық қажетті шараларды қабылдауға міндеттенеді.

6.2. Дауды сотқа дейінгі тәртіппен реттеу кезінде келісімге қол жеткізілмеген жағдайда, даулар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының сот органдарында қаралуға жатады.

6.3. Осы Шартта реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің ережелерімен, елді мекен аумағын абаттандырудың қолданыстағы қағидаларымен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерімен реттеледі.

7. Форс-мажор жағдайлары

7.1. Егер міндеттемелерді орындамау немесе тиісінше орындамау еңсерілмейтін күш жағдайларының (дүлей апаттар, техногендік апаттар, төтенше жағдай режимінің енгізілуі және өзге де жағдайлар, бұдан әрі – «Форс-мажор») салдарынан туындаса және мұндай жағдайлар Шарт жасалғаннан кейін пайда болып, Тараптар оларды алдын ала болжай алмаған немесе ақылға қонымды шаралармен алдын ала ала алмаған болса, Тараптар осы Шарт бойынша міндеттемелерін орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады.

7.2. Форс-мажор жағдайлары туындаған кезде, олардың әсеріне ұшыраған Тарап екінші Тарапты мұндай жағдайлардың басталғаны туралы дереу хабардар ету және олардың әрекеті тоқтағаннан кейін міндеттемелерін орындауды қайта бастау шартымен Шарт талаптарын бұзғаны үшін материалдық жауапкершіліктен босатылады.

7.3. Форс-мажор жағдайларының орын алу фактісі Қазақстан Республикасының Сауда-өнеркәсіп палатасы берген құжатпен расталуға тиіс.

8. Өзге шарттар

8.1. Тұтынушы осы Шартты жасасудан бас тартуға құқылы емес және оны біржақты тәртіппен бұза алмайды, өйткені адамның тіршілік әрекеті барысында қалдықтардың тұрақты түрде пайда болуы, қалдықтарды заңсыз тастаудың алдын алу және қалдықтардың қоршаған ортаға теріс әсерін болдырмау қажеттілігі ескеріледі.

8.2. Осы Шарттың күшіне енуі Тараптарды оны қабылдағанға дейін пайда болған өзара міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

8.3. Осы Шарт Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 387-бабына сәйкес жария шарт болып табылады.

8.4. Осы Шарт бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған сөттен бастап күшіне енеді.

8.5. Осы Шарт белгіленбеген мерзімге жасалған болып есептеледі және Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Шарт талаптарында белгіленген тәртіппен тоқтатылғанға дейін қолданылады.

8.6. Осы Шарт күшіне енген күннен бастап «Қатты тұрмыстық қалдықтарды шығару бойынша қызмет көрсету туралы жария шарт», «Қазыналы өңір» газетінің 01.03.2025 жылғы № 8 (1246) санында жарияланған шарттың күші жойылды деп есептелсін.

9. Қызмет көрсетушінің заңды мекенжайы

және банк реквизиттері

Жәйрем кенті әкімі аппаратының «Жәйрем Болашақ» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны.

БСН: 180940016628.

Заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Ұлытау облысы, Қаражал қаласы, Жәйрем кенті, Металлургтер көшесі, 27-ғимарат, пошта индексі 100702.

Банк реквизиттері: «ForteBank» АҚ,

БСК: IRTYKZKA.

ЖСК: KZ1296509F0007652387.

Сумен жабдықтау және (немесе) су бұру қызметтерін көрсету туралы жария шарт

Жәйрем кенті

10 шілде 2026 жыл

Жәйрем кенті әкімі аппаратының «Жәйрем Болашақ» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны, бұдан әрі «Қызмет көрсетуші» деп аталатын, оның директоры Косыбаев Рымғали Смаилович, Жарғы негізінде әрекет ететін тұлға ретінде, бір тараптан, және сумен жабдықтау және (немесе) су бұру қызметтерін пайдаланушылар, бұдан әрі «Тұтынушы» деп аталатын, екінші тараптан, бірлесіп «Тараптар», ал жеке-жеке «Тарап»

деп аталып, төмендегілер туралы осы сумен жабдықтау және (немесе) су бұру қызметтерін көрсету туралы шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты.

1. Негізгі ұғымдар

1.1. Баланстық тиесілілік шекарасы – меншік құқығы, шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығы белгісі бойынша сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жүйелерінің элементтері мен ондағы құрылыстардың меншік иелері арасындағы бөліну сызығы.

1.2. Пайдалану жауапкершілігінің шекарасы – сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жүйелері элементтерін пайдалану жөніндегі жауапкершілікті айқындайтын, Тараптардың келісімімен белгіленетін шекара. Мұндай келісім болмаған жағдайда пайдалану жауапкершілігінің шекарасы баланстық тиесілілік шекарасы бойынша белгіленеді.

1.3. Тұтынушы – меншігінде немесе өзге де заңды негіздерде тұрғын үйі және елді мекеннің сумен

жабдықтау және су бұру жүйелеріне қосылған су құбыры мен көріз жүйесінің элементтері бар және қызметтерді тұрмыстық әрі шаруашылық қажеттіліктері үшін пайдаланатын жеке немесе заңды тұлға.

1.4. Есептік кезең – Шартта белгіленген, күнтізбелік бір айға тең уақыт кезеңі (айдың бірінші күнгі сағат 00:00-ден соңғы күнгі сағат 24:00-ге дейін), осы кезең үшін Тұтынушы көрсетілген қызметтердің ақысын төлейді.



1.5. Су тұтыну нормасы – бір адамның тәуліктік қажеттілігін, жеке қосалқы шаруашылықтағы жануарларды немесе суарылатын жердің бірлігіне қажетті су көлемі. Ол Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 27-бабы 1-тармағының 34) тармақшасына сәйкес жергілікті атқарушы органмен белгіленеді.

1.6. Реттеуші орган – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес табиғи монополиялар субъектілерінің қызметтеріне тарифтерді (бағаларды, мөлшерлемелерді, алымдарды) мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган.

1.7. Осы Шартта қолданылатын өзге ұғымдар мен терминдер Қазақстан Республикасының Су кодексіне және табиғи монополиялар туралы заңнамасына сәйкес қолданылады.

2. Шарттың мәні

2.1. Қызмет көрсетуші Тұтынушыны сумен жабдықтау және (немесе) су бұру қызметтерімен қамтамасыз етуге, ал Тұтынушы көрсетілген қызметтерді осы Шартта белгіленген тәртіппен және мерзімдерде қабылдап, ақысын төлеуге міндеттенеді.

2.2. Қызметтерге Тұтынушының тұрмыстық және шаруашылық қажеттіліктері үшін қажетті көлемде және тиісті сапада ауыз сумен қамтамасыз ету, сондай-ақ ағынды суларды қабылдау, әкету және тасымалдау (су бұру) жатады.

2.3. Көрсетілетін қызметтердің сипаттамалары мен берілетін судың сапасы Қазақстан Республикасы заңнамасының, санитариялық-гигиеналық қағидалардың, мемлекеттік стандарттардың талаптарына сәйкес болуы тиіс.

3. Қызмет көрсетушінің құқықтары мен міндеттері

3.1. Қызмет көрсетушінің құқықтары:

3.1.1. Көрсетілген қызметтердің ақысын Тұтынушыдан уақытылы алуға;

3.1.2. Мынадай жағдайларда суық су беруді тоқтатуға:

төлем мерзімдерін бұзу;

Қызмет көрсетушінің рұқсатынсыз ішкі су құбыры желілерін қайта жабдықтау;

су есептегіш құралынсыз суару немесе өзге мақсаттарға су пайдаланылғаны анықталған кезде.

Суды ажырату және қайта қосу шығындары Тұтынушының есебінен жүргізіледі.

3.1.3. Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Шартқа сәйкес тұтынылған су көлеміне қайта есептеу жүргізуге және заңнамада көзделген өзге де жауапкершілік шараларын қолдануға;

3.1.4. Апаттың алдын алу немесе жою мақсатында су құбырының техникалық ерекшеліктеріне қарай су беруді уақытша тоқтатуға. Ұзақ мерзімге тоқтату тек Тұтынушының өміріне, денсаулығына, мүлкіне қауіп төнгенде немесе еңсерілмейтін күш мән-жайлары туындағанда ғана жүзеге асырылады.

3.2. Қызмет көрсетушінің міндеттері:

3.2.1. Тұтынушыға белгіленген сапада ауыз су беруге және техникалық шарттарға сәйкес ағынды суларды қабылдауға;

3.2.2. Қазақстан Республикасы заңнамасының, мемлекеттік стандарттардың және санитариялық талаптардың талаптарына сәйкес келетін ауыз сумен қамтамасыз етуге;

3.2.3. Жөндеу және профилактикалық жұмыстар кезеңдерін қоспағанда, жүйелердің үздіксіз жұмысын қамтамасыз етуге;

3.2.4. Жоспарлы жөндеу жұмыстары мен құбырларды залалсыздандыру жүргізілетін болса, Тұтынушыны кемінде 3 күн бұрын хабардар етуге;

3.2.5. Тарифтердің өзгеруі туралы бұқаралық ақпарат құралдары арқылы кемінде 10 күн бұрын хабарлауға;

3.2.6. Су сапасына қатысты негізді шағым түскен жағдайда 24 сағат ішінде шара қолдануға;

3.2.7. Жөндеу жұмыстары немесе авария кезінде Тұтынушыны ауыз сумен арнайы көлік арқылы қамтамасыз етуге.

4. Тұтынушының құқықтары мен міндеттері

4.1. Тұтынушының құқықтары:

4.1.1. Санитариялық қағидаларға, техникалық шарттарға және осы Шарттың талаптарына сәйкес көлемде, қысым параметрлерімен және тиісті сапада жылумен жабдықтау қызметтерін алуға;

4.1.2. Жеткізушіден көрсетілетін қызметтердің сапасы, жоспарлы немесе авариялық үзілістер, авариялық жағдайлар, тарифтер, төлемдерді есептеу тәртібі және қызмет көрсету шарттарына қатысты өзге де ақпаратты алуға;

4.1.3. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жылу энергиясын үздіксіз және қауіпсіз тұтынуға;

4.1.4. Қолданылатын тарифтердің және төлемдердің дұрыс есептелуі туралы ақпарат алуға;

4.1.5. Жылумен жабдықтау қызметінің сапасына немесе үздіксіз көрсетуіне әсер ететін авариялар мен өзге де бұзушылықтардың уақтылы жойылуын талап етуге;

4.1.6. Өз құқықтары бұзылған жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сот арқылы қорғалуға.

4.2. Тұтынушының міндеттері:

4.2.1. Осы Шартта белгіленген мерзімдерде көрсетілген жылумен жабдықтау қызметтері үшін төлемді уақтылы және толық көлемде жүргізуге;

4.2.2. Жылу энергиясын ұтымды және мақсатына

сай пайдалануға;

4.2.3. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жылу энергиясын коммерциялық есепке алу аспаптарын орнатуды, олардың сақталуын және жарамды күйде болуын қамтамасыз етуге;

4.2.4. Жылу энергиясын тұтыну кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасының және техникалық пайдалану қағидаларының талаптарын сақтауға;

4.2.5. Өзінің теңгеріміндегі жылу тұтыну қондырғылары мен ішкі жылу желілерінің қауіпсіз пайдаланылуын, техникалық жарамдылығын және қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз етуге;

4.2.6. Ішкі жылу желілері мен жылу тұтыну қондырғыларының техникалық жай-күйін тиісті деңгейде ұстап тұруға, жылу энергиясының ысырап болуына, апаттар мен ақаулардың туындауына жол бермеуге;

4.2.7. Жылу энергиясын есепке алу аспабының бүлінуі, пломбалардың бұзылуы, авариялық жағдайлар немесе есепке алу мен көрсетілетін қызметтің сапасына әсер ететін өзге де мән-жайлар туралы Жеткізушіні дереу хабардар етуге;

4.2.8. Жылу энергиясын есепке алу аспаптары мен есепке алу торабын жарамды техникалық жағдайда ұстауға, оларды бүлінуден, қатып қалудан, су басудан қорғауға және оларды заңнамада белгіленген мерзімдерде салыстырып тексеруден өткізуге;

4.2.9. Келісілген уақытта Жеткізушінің өкілдеріне есепке алу торабына тексеру жүргізу, көрсеткіштерді алу, техникалық қызмет көрсету және пломбалау жұмыстарын орындау үшін қол жеткізу мүмкіндігін қамтамасыз етуге;

4.2.10. Есепке алу аспаптарының істен шығуы немесе олардың жұмыс режимінің бұзылуы туралы Жеткізушіні дереу жазбаша хабардар етуге. Хабарлама болмаған жағдайда есепке алу аспабы оның құжатпен расталған соңғы салыстырып тексерілген күнінен бастап жарамсыз деп есептеледі;

4.2.11. Жылу энергиясы үшін төлем мөлшеріне әсер ететін өзгерістер туралы, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда, мұндай өзгерістер туындаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Жеткізушіге дұрыс және толық ақпарат ұсынуға;

4.2.12. Жеткізушінің өкілдерін инженерлік жабдыктарға және жылу тұтыну қондырғыларына бақылау тексеруін жүргізу үшін жіберуге;

4.2.13. Авариялық жағдайлар, жөндеу жұмыстары, жылыту маусымын бастау немесе аяқтау, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайларда Жеткізушінің заңды талаптарын орындауға;

4.2.14. Жылжымайтын мүлікке қатысты азаматтық-құқықтық мәміле жасалған немесе алып отырған тұрғынжайдан шыққан жағдайда Жеткізушімен тұтынылған жылу энергиясы үшін толық есеп айырысуға, ал жаңа меншік иесі немесе пайдаланушы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берешекті өтеу міндеттемесін қабылдаған жағдайда, оны тұтынылған қызметтер бойынша берешектің бар екендігі туралы хабардар етуге.

5-бөлім. Тараптарға қойылатын шектеулер

5.1. Тұтынушыға:

5.1.1. Жеткізушінің жазбаша келісімсіз ішкі жылу желілерін, жылу тұтыну қондырғыларын, коммерциялық есепке алу торабын және жылу энергиясын есепке алу аспаптарын қайта жабдықтауға немесе олардың конструкциясына өзгерістер енгізуге;

5.1.2. Жеткізушінің рұқсатынсыз жылумен жабдықтау жүйесіне өз бетінше қосылуға немесе қайта қосылуға;

5.1.3. Жылу энергиясын шартта және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген мақсаттардан тыс пайдалануға немесе үшінші тұлғаларға Жеткізушінің келісімсіз беруге;

5.1.4. Жылу энергиясын есепке алу аспаптарына және есепке алу торабына зақым келтіруге, пломбаларын бұзуға немесе алып тастауға, олардың конструкциясына өзгерістер енгізуге не олардың жұмысына қандай да бір жолмен араласуға;

5.1.5. Жеткізуші өкілдерінің есепке алу торабына, жылу тұтыну қондырғыларына және ішкі жылу желілеріне тексеру жүргізу, көрсеткіштерді алу, техникалық қызмет көрсету, пломбалау немесе авариялық жұмыстарды орындау үшін қол жеткізуіне кедергі келтіруге;

5.1.6. Жылумен жабдықтау жүйесінің қалыпты жұмысын бұзатын немесе авариялық жағдай туғызуы мүмкін әрекеттер жасауға;

5.1.7. Жылумен жабдықтау қызметінің сапасына, қауіпсіздігіне немесе сенімділігіне әсер ететін анықталған бұзушылықтарды жою туралы Жеткізушінің заңды талаптарын орындамауға;

5.1.8. Жеткізушінің келісімсіз жылу энергиясын коммерциялық есепке алу схемасын өзгертуге немесе оның жұмысына араласуға.

5.2. Жеткізушіге:

5.2.1. Басқа тұтынушылардың шарт талаптарын орындамауы себепті Тұтынушыға жылумен жабдықтау қызметін көрсетуден бас тартуға немесе оны шектеуге;

5.2.2. Қазақстан Республикасының заңнамасында және техникалық регламенттерде белгіленген талаптарға сәйкес келмейтін сапада жылумен жабдықтау қызметін көрсетуге;

5.2.3. Қазақстан Республикасының заңнамасын-

да көзделген жағдайларды қоспағанда, Тұтынушыны белгіленген тәртіппен алдын ала хабардар етпей жоспарлы тексерулер жүргізуге;

5.2.4. Уәкілетті орган бекіткен тарифтерден артық мөлшерде төлем алуға;

5.2.5. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, көрсетілетін қызмет үшін алдын ала төлем талап етуге;

5.2.6. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, Тұтынушының дербес деректерін және өзге де ақпаратын осы Шартты орындауға байланысты емес мақсаттарда пайдалануға немесе үшінші тұлғаларға беруге.

5.3. Тараптарға Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келетін, екінші Тараптың құқықтары мен заңды мүдделерін шектейтін немесе осы Шарт бойынша міндеттемелердің тиісінше орындалуына кедергі келтіретін әрекеттер жасауға жол берілмейді.

6-бөлім. Есеп айырысу тәртібі мен талаптары

6.1. Тұтынушы осы Шарттың талаптарына және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес нақты көрсетілген жылумен жабдықтау қызметтері үшін Жеткізушіге төлемді уақтылы және толық көлемде жүргізуге міндетті.

6.2. Төлем есептік кезеңнен кейінгі айдың 25 (жиырма бесінші) күнінен кешіктірілмей, Жеткізуші ұсынған төлем құжаты негізінде Жеткізушінің банктік шотына ақша қаражатын аудару немесе оның қас-сасына қолма-қол ақша енгізу арқылы жүзеге асырылады.

6.3. Тұтынушы төлем мерзімін бұзған жағдайда, Жеткізуші берешекті және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген мөлшерде есептелген өсімпұлды төлеуді талап етуге, сондай-ақ өзінің мүлктік құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін Қазақстан Республикасының сот органдарына жүгінуге құқылы.

6.4. Жылу энергиясының көлемін айқындау және төлем жүргізу тәртібі:

6.4.1. Тұтынылған жылу энергиясының нақты көлемі Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкес орнатылған, пайдалануға қабылданған және жарамды күйдегі коммерциялық есепке алу аспаптарының көрсеткіштері бойынша айқындалады.

6.4.2. Тұтынушы:

жылу энергиясын есепке алу аспаптарының сақталуын және жарамды техникалық жай-күйін қамтамасыз етуге;

Жеткізуші белгілеген тәртіппен есепке алу аспаптарының көрсеткіштерін уақтылы ұсынуға;

Жеткізуші өкілдерінің есепке алу аспаптарының техникалық жай-күйін тексеруі және бақылау көрсеткіштерін алуы үшін кедергісіз қол жеткізуді қамтамасыз етуге міндетті.

6.4.3. Есепке алу аспабының жарамсыздығы анықталған, оның жұмысына заңсыз араласу фактілері орын алған, тексеруге қол жеткізу қамтамасыз етілмеген немесе есепке алу аспабының көрсеткіштері ұсынылмаған жағдайда, тұтынылған жылу энергиясының көлемі Қазақстан Республикасының заңнамасына және уәкілетті орган бекіткен коммуналдық қызметтерді тұтыну көлемдерін есептеу әдістемесіне сәйкес айқындалады.

6.4.4. Коммерциялық есепке алу аспаптары болмаған немесе оларды қолдану мүмкін болмайтын Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда, тұтынылған жылу энергиясы үшін есеп айырысу уәкілетті орган бекіткен тұтыну нормалары және қолданыстағы тарифтер негізінде жүргізіледі.

6.5. Жылумен жабдықтау қызметтері үшін төлем қолданыстағы тарифтер бойынша және нақты тұтынылған жылу энергиясының көлеміне сәйкес есептеледі.

6.6. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тарифтер өзгерген жағдайда, жаңа тарифтер олар қолданысқа енгізілген күннен бастап осы Шартқа қосымша келісім жасалмай-ақ қолданылады.

6.7. Тұтынушының және (немесе) онымен бірге тұратын адамдардың бір айдан астам мерзімге болмауы құжат жүзінде расталған жағдайда, қайта есептеу Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен және шарттарда жүргізіледі.

7. Тараптардың жауапкершілігі

7.1. Қызмет көрсетуші мен Тұтынушы шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

7.2. Жабдықтау мен инженерлік желілердің тиісті жағдайда ұсталуына олардың меншік иесі жауапты болады және жауапкершілік баланстық тиесілілік шекараларына сәйкес айқындалады.

7.3. Шартта көзделген міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, кінәлі Тарап екінші Тарапқа келтірілген залалды Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өтейді.

7.4. Егер Қызмет көрсетушінің Тұтынушыға қызмет көрсету мүмкін болмауы Қызмет көрсетушімен шарттық қатынаста тұрған өзге тұлғалардың кінәсінен туындаса, Тұтынушы алдындағы жауапкершілікті Қызмет көрсетуші көтереді.

7.5. Қызметтер үшін төлем уақтылы жүргізілмеген жағдайда, Қызмет көрсетуші Тұтынушыға мерзімі өт-

кен төлем сомасының әрбір кешіктірілген күні үшін 0,1% мөлшерінде, бірақ негізгі берешек сомасынан аспайтын мөлшерде өсімпұл есептеуге құқылы. Өсімпұл есептеу есептік айдан кейінгі айдың 26-күнінен, яғни төлем мерзімі өткен күннен кейінгі күннен бастап, Тұтынушы төлем жөніндегі міндеттемесін нақты орындаған күнге дейін жалғасады, егер Тараптардың келісімінде өзгеше көзделмесе.

7.6. Алдыңғы кезеңдер үшін берешек болған жағдайда, Тұтынушы өнгізген төлем ең алдымен өсімпұлды өтеуге, содан кейін негізгі берешекті өтеуге есептеледі.

7.7. Тараптардың келісімі бойынша, Тұтынушының ауруға шалдығуы немесе ауыр материалдық шығындарға не уақытша еңбекке жарамсыздыққа әкеп соққан жазатайым оқиға орын алып, ол тиісті құжаттармен расталған жағдайда, Тұтынушының жазбаша өтініші негізінде өсімпұл есептеуді кейінге қалдыруға жол беріледі.

7.8. Өсімпұлды төлеу Тараптарды осы Шарт бойынша өздеріне қабылдаған міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

8. Дауларды қарау тәртібі

8.1. Даулар туындаған жағдайда Тараптар оларды алдымен сотқа дейінгі тәртіппен шешу үшін барлық қажетті шараларды қабылдайды.

8.2. Дауды сотқа дейін шешу мүмкін болмаған жағдайда, ол Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібімен қаралады.

8.3. Осы Шартпен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, коммуналдық қызметтер көрсету қағидаларына және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес шешіледі.

9. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары (форс-мажор)

9.1. Егер осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындамау немесе тиісінше орындамау Шарт жасалғаннан кейін туындаған және Тараптар алдын ала болжай алмаған немесе ақылға қонымды шаралармен алдын ала алмаған еңсерілмейтін күш мән-жайларының (табиғи апаттар, техногендік апаттар, төтенше жағдай режимінің енгізілуі және басқа да осындай жағдайлар) салдарынан орын алса, Тараптар жауапкершіліктен босатылады.

9.2. Егер еңсерілмейтін күш мән-жайлары үш (3) айдан астам уақытқа созылса, Тараптардың әрқайсысы екінші Тарапты кемінде күнтізбелік 30 күн бұрын жазбаша хабардар ете отырып, Шартты бұзуға құқылы. Бұл ретте Тараптар Шарт бойынша өзара есеп айырысуды 30 күн ішінде толық аяқтауға міндетті.

9.3. Форс-мажор жағдайлары туындаған кезде, олардың әсеріне ұшыраған Тарап бұл туралы екінші Тарапқа дереу хабарлауға және мұндай жағдайлар тоқтатылғаннан кейін өз міндеттемелерін орындауды қайта бастауға міндетті. Осы талаптар сақталған жағдайда, ол Шарт талаптарын бұзғаны үшін материалдық жауапкершіліктен босатылады.

9.4. Форс-мажор жағдайлары туындауы Қазақстан Республикасының Сауда-өнеркәсіп палатасы (немесе заңнамаға сәйкес уәкілетті орган) берген құжатпен расталуға тиіс.

10. Өзге де талаптар

10.1. Егер тұрғын үйге тиесілі су құбыры және көріз желілері тиісті деңгейде күтіп ұсталмаса, соның салдарынан көрсетілетін қызмет сапасы төмендеген жағдайда, Қызмет көрсетуші жауапты болмайды.

10.2. Осы Шарттың күшіне енуі Тараптарды оның күшіне енгенге дейін туындаған өзара міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

10.3. Осы Шарт Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 387-бабына сәйкес жария шарт болып табылады.

11. Шарттың қолданылу мерзімі

11.1. Осы Шарт белгіленбеген мерзімге жасалды және Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Шарттың талаптарына сәйкес тоқтатылғанға дейін қолданылады.

11.2. Тұтынушы Шартты біржақты тәртіппен бұзуға ниет білдірген жағдайда, бұл туралы Қызмет көрсетушіні кемінде 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын жазбаша хабардар етуге және көрсетілген қызметтер үшін толық есеп айырысуға міндетті.

11.3. Осы Шарт бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған күннен бастап күшіне енеді.

11.4. Осы Шарт күшіне енген күннен бастап 2022 жылғы 21 мамырдағы № 19 (1106) «Қазыналы өңір» газетінде жарияланған «Жария шарт» күшін жойды деп есептелсін.

12. Қызмет көрсетушінің заңды мекенжайы және банктік деректемелері

Жәйрем кенті әкімі аппаратының «Жәйрем Болашақ» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны.

БСН: 180940016628.

Заңды мекенжайы:

Қазақстан Республикасы, Ұлытау облысы, Қаражал қаласы, Жәйрем кенті, Металлургтер көшесі, 27-ғимарат, пошталық индексі 100702.

Банктік деректемелері:

«ForteBank» АҚ.

БСК: IRTYKZKA.

ЖСК: KZ1296509F0007652387.

Қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарландыру

1) Жобаның атауы:
– «Өркен» ЖШС «Өркен-Атасу» үшін ықтимал әсерлер туралы есеп.
2) Аумағына әсер етуі мүмкін және мағында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін әкімшілік-аумақтық бірліктердің
– Ұлытау облысы, Қаражал қ. сол түстік-шығысқа қарай 2 км учаскенің. графиялық координаттары және есу аумағының географиялық координаттары:
– көзделген қызметтің орналасқан жерінің координаттары: 1) 48°1'33.74" сш, 70°49'5.54" вд; 2) 48°1'25.47" сш, 70°49'19.68" вд; 3) 48°1'12.60" сш, 70°49'13.26" вд; 4) 48°1'1.19" сш, 70°49'14.96" вд; 5) 48°1'8.73" сш, 70°48'44.37" вд; 6) 48°1'1.34" сш, 70°48'9.23" вд; 7) 48°1'23.09" сш, 70°46'55.46" вд; 8) 48°1'40.08" сш, 70°42'51.00" вд; 9) 48°2'51.48" сш, 70°42'23.46" вд; 10) 48°3'49.86" сш, 70°46'32.33" вд.
3) Қоғамдық тыңдаулар өткізудің латын орны, күні және уақыты:
– Ұлытау облысы, Қаражал қаласы, 24 орам, 4 үй («Өркен» ЖШС су) өкілдігі конференц-залы) 24.08.2026 сағат 15:00.
Сондай-ақ, онлайн: Zoom сы арқылы <https://us05web.zoom.us/j/3119030660?pwd=HrgOhJCLJ5EwBBJrJaWEVaNKBS5aFVb.1&omn=82079809505>.
Конференция идентификаторы: 311 903 0660.
Қолжетімділік коды: QUvKh6.
4) Бастамашының деректемелері және байланыс мәліметтері:
– «Өркен» ЖШС БСН 050140001773, 101407, Қарағанды облысы, Теміртау қаласы, Республика даңғылы 1, «Өркен» ЖШС «Өркен-Атасу» өкілдігі, БСН 040342030199, 100700, Ұлытау облысы, Қаражал қаласы, 24 орам, 4 үй, БСН 040342030199, е-mail: qarmet.kz.
5) Ықтимал әсерлер туралы есепті стырушының деректемелері мен байланыс мәліметтері:
– «EcoProf KZ» ЖШС, БСН 131240019006, Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, зыбек би атындағы аудан, Аманжолов шесі, 17/3 үй, тел.: 8 (7212) е-mail: priroda@mail.ru.
6) Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттармен, содан кейін жарияланған қоғамдық тыңдаулар хаттамасымен су үшін Бірыңғай экологиялық порталға және тиісті әкімшілік-аумақты бірліктің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті атқарушы органының (ЖАО) ресми нет-ресурсына
– Сайт ҚО ТРЖ ҰДБ –
– <https://hearings.ndbecology.gov.kz/> бөлім «Қоғамдық тыңдаулар»;
– «Ұлытау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ ЖАО сайты (Ұлытау облысының ТРЖТПДРБ» ММ) – <https://www.gov.kz/memleket/entities/ulytau-up-activities/40427?lang=ru>, «жарияланған тыңдаулар» бөлімі;
7) Жоспарланған қызмет, қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы қосымша ақпарат алу, сондай-ақ, жоспарланған қызметке тысты құжаттардың көшірмелерін сұрату үшін электрондық мекенжай және фон нөмірі
– электрондық пошта мекенжайлары: info@ecoprof.kz и alexandr.tsurupin@qarmet.kz;
– телефондар: 8-777-484-32-60, 287-
8) Жұртшылық пен мүдделі жұртшылық қоғамдық тыңдауларға шығарылатын жаттар бойынша өз ескертулері мен ныстарын қағаз немесе электрондық санда жіберетін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның және лыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органының электрондық мекенжайы мен пошталық мекенжайы:
– қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі,
– «Ұлытау облысы бойынша экология парламенті» РММ: Ұлытау облысы, Жезқазған қ.ә, Жезқазған қаласы, Ғарышкерлер вары, 15 ғимарат, е-mail ulytau.ecoder@ecogeo.gov.kz, тел:
– «Ұлытау облысының ТРЖТПДРБ ММ ЖАО: Ұлытау облысы, Жезқазған қ.а., Жезқазған қаласы, Алаш алаңы, № 1 үй, е-mail ulytau.obl_priroda@mail.ru, тел: 8-701-635-55-

Объявление о проведении общественных слушаний

1) Наименование проекта: 17/3, тел.: 8 (7212) 41-61-91, е-mail: info@ecoprof.kz.
– «Отчет о возможных воздействиях для Представительства «Оркен-Атасу» ТОО кен».
2) Список ных единиц, на территорию которых может быть оказано воздействие и на территории которых будут проведены общественные слушания:
– область Ұлытау, в 2 км к от г. Каражал.
Географические координаты участка и графические координаты территории ствия:
– координаты местоположения наемной деятельности: 1) 48°1'33.74" сш, 70°49'5.54" вд; 2) 48°1'25.47" сш, 70°49'19.68" вд; 3) 48°1'12.60" сш, 70°49'13.26" вд; 4) 48°1'1.19" сш, 70°49'14.96" вд; 5) 48°1'8.73" сш, 70°48'44.37" вд; 6) 48°1'1.34" сш, 70°48'9.23" вд; 7) 48°1'23.09" сш, 70°46'55.46" вд; 8) 48°1'40.08" сш, 70°42'51.00" вд; 9) 48°2'51.48" сш, 70°42'23.46" вд; 10) 48°3'49.86" сш, 70°46'32.33" вд.
3) Место, дата и время начала проведения общественных слушаний:
– область Ұлытау, г. Каражал, 24 квартал, дом 4 (конференц-зал Представительства «Өркен-Атасу» ТОО «Өркен») 24.08.2026 г. 15:00.
Также онлайн: по конференции Zoom <https://us05web.zoom.us/j/3119030660?pwd=HrgOhJCLJ5EwBBJrJaWEVaNKBS5aFVb.1&omn=82079809505>
Идентификатор конференции: 311 903 0660.
Код доступа: QUvKh6.
4) Реквизиты и контактные данные атора:
– ТОО «Оркен», БИН 050140001773, 101407, Карагандинская область, город миртау, проспект Республики 1; Представительство «Оркен-Атасу» ТОО «Оркен», 040342030199, 100700, область Ұлытау, г. Каражал, 24 квартал, дом 4. БИН 040342030199, е-mail:
5) Реквизиты и контактные данные вителя отчета о возможных воздействиях: ТОО «EcoProf KZ», БИН 131240019006, Карагандинская область, г. Караганда, он им. Казыбек би, улица Аманжолова, дом

6) Ссылка на Единый экологический портал и официальный интернет-ресурс местного исполнительного органа (МИО)
– Сайт НБД СОС и ПР – <https://hearings.ndbecology.gov.kz/> / раздел «Общественные слушания»;
– сайт МИО ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Ұлытау» (ГУ «УПРиРП сти Ұлытау») – <https://www.gov.kz/memleket/entities/ulytau-upr/activities/40427?lang=ru> раздел «Общественные слушания».
7) Электронный адрес и номер(-а) на для получения дополнительной информации о намечаемой деятельности, проведении общественных слушаний, а также запроса копий документов, относящихся к моей деятельности:
– адреса эл. почты: info@ecoprof.kz и alexandr.tsurupin@qarmet.kz;
– телефоны: 8-777-484-32-60, 18-5
8) Электронный адрес и почтовый адрес уполномоченного органа в области охраны окружающей среды и местного исполнительного органа областей, городов республиканского значения, столицы, на которые общественность и заинтересованная ственность направляет свои замечания и предложения в бумажной или электронной форме по документам, выносимым на ственные слушания:
– территориальное подразделение моченного органа в области охраны ющей среды – РГУ «Департамент экологии по области Ұлытау»: область Ұлытау, ган г.а., г. Жезказган, Бульвар Ғарышкерлер, здание 15, е-mail: kzt, тел:
– МИО ГУ «УПРиРП области Ұлытау»: ласть Ұлытау, Жезказган г.а., г. Жезказган, Площадь Алаша, дом № 1, е-mail: priroda@mail.ru, тел.:

Суға шомылу маусымындағы қауіпсіздік

Суға шомылу маусымы – аптап ыстықта салқындап, демалудың тамаша мүмкіндігі. Алайда, бұл кезеңде демалыс қайғылы оқиғаға ұласпауы үшін, Төтенше жағдайлар министрлігінің қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтау маңызды. Олардың қатарында тыйым салынған жерлерде шомылмау және суға мас күйде түспеу бар.

Негізгі қауіпсіздік ережелері

Су айдындарында демалған кезде мына талаптарды орындау қажет:
- тек арнайы жабдықталған орын шомылу: ҚР ТЖМ ресми рұқсат берген, құтқарушылары бар жағажайларды таңдаңыз;
- балаларды бақылаусыз жасөспірімдер мен кішкентай балалардың суға түсуі үнемі көз алдыңызда ұс таңыз;



- алкогольді ішімдіктерден бас тарту: мас күйінде суға түсу – бақытсыз лардың басты себебі;
- тереңдікті білмей секіруге бейтаныс жерге, әсіресе, көпірлерден месе жартастардан суға сүңгу өте қауіпті.

Күнге күй және денсаулық

Дене шынықтыру және күн мен су процедуралары ағзаны сергітіп, иммунитетті көтереді. Дегенмен, ультракүлгін сәуле лердің зиянын ұмытпау керек: күнге здырыну үшін ең қолайлы уақыт: таңғы

сағат 11.00-ге дейін және кешкі кейін. Ашық күнде бас киім киіп, арнайы қорғаныш кремдерін пайдаланыңыз.

Суға батқан адамға алғашқы көмек көрсету

Егер жаныңызда біреу суға бата са, дереу 112 нөміріне немесе құтқарушыларға хабарласыңыз. Егер адамды судан шығарып үлгерсеңіз:
- тыныс алу жолдарын балшық пен дан тазартыңыз;
- жүрек массажы мен жасанды тыныс беріңіз;
- дереу жедел жәрдем
Суға шомылу маусымы жағымды естеліктер сыйлауы үшін ең алдымен өз қауіпсіздігіңіз аумағын ескеріңіз!

Арнұр ӘБДІҒАМИТОВ,
Қаражал қаласы ТЖБ инженері, азаматтық қорғау лейтенанты.

Бас редактор
Асель КУРБАЛОСОВА
Техникалық редактор
Айгүл БАЙПЕЛОВА

«Қазыналы өңір» газеті редакциясы» ЖШС

Қаражал қаласы, Сары Тоқа, 1
Тел: 2-61-02,

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және мұрағат комитетінде 2012 жылғы 22 мамыр 12759-Г куәлігімен

ИИН 001140000674
KZ 40601717000000329
БИК HSBKKZKX АО «Halyk bank»
Код КББ 18
Газет сенбі сайын шығады
Көлемі 3 б/т
Индекс 200122
Таралымы 1000
Тапсырыс 27

Газет «Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қаласы, Сәтбаев көшесі, 15.
Жеке авторлар мақаласы редакция көзқарасын білдірмейді.
Мақала нақтылығына авторлар жауап береді.
Мақала авторларға қайтарылмайды.
Жарнаманың нақтылығына жарнама берушілер жауапты.